Қуатты үнемдеу режимін орнату	11
Ақаулық туындаса немесе күмән пайда болса не істеу керек	12
Пісіру/қыздыру	12
Қуат мәндері	13
Пісіруді тоқтату	13
Пісіру уақытын реттеу	13
Орыс дәстүрімен пісіру функциясын қолдану	14
Жылдам орыс дәстүрі бойынша пісіру /пісіру	14
Автоматты түрде жылдам жібіту функциясын қолдану	22
Автоматты түрде жылдам жібіту функциясы	22
Керек-жарақтарды таңдау	23
Гриль жасау	23
Микротолқын және гриль функциясын бірге қолдану	24
Көп циклді пісіру	24
Сигнал құралын өшіру	25
Микротолқынды пештің қауіпсіздік құралы	25
Ыдыстың жарамдылығын анықтау	26
Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес	27
Микротолқынды пешті тазалау	38
Микротолқынды пешті сақтау және жөндеу	38
Техникалық параметрлері	39

ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ

Тағам пісіргіңіз келсе мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Тағамды пештің ішіне салыңыз.
Қуат мәнін **Power Level (Қуат мәні)** түймешігін бір немесе бірнеше рет басып таңдаңыз.



2. Пісіру уақытын **10 min (10 мин), 1 min (1 мин)** немесе **10 s (10 сек)** түймешігін басып таңдаңыз.



3. **Start (Бастай)** (◊) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: Тағам пісе бастайды.
Тағам пісіп болғаннан кейін пеш төрт рет сигнал береді.



Тағам жібіткіңіз келсе мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Мұздатылған тағамды пештің ішіне салыңыз.
Rapid (Жылдам) (**) түймешігін, жібітілетін тағамның түріне қарай бір немесе бірнеше рет басыңыз.



2. Салмақты **kg** және **g** түймешіктерін қажетінше басып таңдаңыз.



3. **Start (Бастай)** (◊) түймешігін басыңыз.



Қосымша минутты таңдағыңыз келсе.

- Тағамды пеш ішінде қалдырыңыз.
Қосымша 30 секунд қосқыңыз келген сайын **+30s (+30 сек)** түймешігін бір немесе бірнеше рет басыңыз.



Гриль жасағыңыз келсе мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Гриль құрылғысын **Grill (Гриль)** (U) (**10 min (10 мин)**, **1 min (1 мин)** және **10 s (10 сек)**) және **Start (Бастай)** (◇) түймешігін басу арқылы қажетті температураға дейін қыздырыңыз.



2. Тағамды пештің ішіндегі тордың үстіне қойыңыз. **Grill (Гриль)** (U) түймешігін басыңыз. Пісіру уақытын **10 min (10 мин)**, **1 min (1 мин)** және **10 s (10 сек)** түймешігін басып таңдаңыз.



3. **Start (Бастай)** (◇) түймешігін басыңыз.




КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫ

Құрылғының қандай үлгісін таңдап алғаныңызға қарай, онымен бірге әр түрлі жолмен қолдануға болатын бірнеше керек-жарақ жеткізіледі.


1. **Жалғастырғыш**, пештің табанындағы мотордың білікшесіне орнатылып жеткізіледі.

Мақсаты: Жалғастырғыш бұрылмалы табақты айналдырады.




2. **Айналмалы шығырық**, пеш табанының ортасына қойылады.

Мақсаты: Айналмалы шығырық бұрылмалы табақты ұстап тұрады.




3. **Бұрылмалы табақ**, айналмалы шығырықтың ортасындағы тетік арқылы жалғастырғышқа қойылады.

Мақсаты: Бұрылмалы табақ тамақ пісіретін негізгі орын болып табылады: оны тазалау үшін оңай алуға болады.



4. **Металл тор**, бұрылмалы табақтың үстіне қойылады.


Мақсаты: Металл торды гриль және аралас режим арқылы пісіру үшін қолдануға болады.



- Микротолқынды пешті айналмалы шығырық пен бұрылмалы табақсыз **ІСКЕ ҚОСПАҢЫЗ**.


ПЕШ

КАЗАК



- | | |
|-------------------------|---------------------------------------|
| 1. ЕСІК | 7. БҰРЫЛМАЛЫ ТАБАҚ |
| 2. ЖЕЛДЕТКІШ САҢЫЛАУЛАР | 8. ЖАЛҒАСТЫРҒЫШ |
| 3. ГРИЛЬ | 9. АЙНАЛМАЛЫ ШЫҒЫРЫҚ |
| 4. ШАМ | 10. ҚАУІПСІЗДІК БЕКІТПЕСІ САҢЫЛАУЛАРЫ |
| 5. БЕЙНЕБЕТ | 11. ЕСІКТІ АШУ ТҮЙМЕШІГІ |
| 6. ЕСІК БЕКІТПЕЛЕРІ | 12. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ |

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



- | | |
|--|--------------------------------------|
| 1. БЕЙНЕБЕТ | 7. ҚАУАТТЫ ҮНЕМДЕУ ТҮЙМЕШІГІ |
| 2. АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖЫЛДАМ ЖІБІТУ ФУНКЦИЯСЫН ТАҢДАУ | 8. САЛМАҚТЫ ТАҢДАУ |
| 3. ЖЫЛДАМ ҚЫЗДЫРУ/ПІСІРУ ФУНКЦИЯСЫН ТАҢДАУ | 9. САҒАТ ПАРАМЕТРІН ОРНАТУ ТҮЙМЕШІГІ |
| 4. МИКРОТОЛҚЫН РЕЖИМІ ТҮЙМЕШІГІ | 10. АРАЛАС РЕЖИМ ТҮЙМЕШІГІ |
| 5. ГРИЛЬ РЕЖИМІ ТҮЙМЕШІГІ | 11. +30с ТҮЙМЕШІГІ |
| 6. УАҚЫТТЫ ОРНАТУ ТҮЙМЕШІГІ | 12. БАСТАУ ТҮЙМЕШІГІ |
| | 13. ТОҚТАТУ/БОЛДЫРМАУ ТҮЙМЕШІГІ |

ОСЫ ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫН ҚОЛДАНУ

Сіз SAMSUNG микротолқынды пешін жаңа ғана сатып алдыңыз. Қолыңыздағы пайдаланушы нұсқаулығында, микротолқынды пеште тағам пісіруге қатысты маңызды ақпараттар қамтылған:

- Қауіпсіздік нұсқаулары
- Жарамды ыдыс-аяқ пен керек-жарақтар
- Тағам пісіруге қатысты пайдалы кеңес
- Тағам пісіруге қатысты ақыл-кеңес

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫП, КЕЛЕШЕКТЕ ҚОЛДАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

Пешті қолданар алдында келесі нұсқаулардың орындалғанына көз жеткізіңіз.

- Құрылғыны тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз. Бұл пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген "Ескертулер" мен "Қауіпсіздік нұсқауларында", орын алуы ықтимал жағдайлар мен оқиғалардың барлығы бірдей қамтылмаған. Құрылғыны абайлап, сақтықпен орнатуға, күтім көрсетуге, іске қосуға өзіңіз міндеттісіз.
- Себебі төменде көрсетілген нұсқауларда құрылғының әр түрі қамтылғандықтан, сіздің микротолқынды пешіңіздің техникалық сипаттамасы, осы нұсқаулықта көрсетілген құрылғылардан сәл өзгеше болуы және ескерту белгілерінің барлығы бірдей сізге қатысты болмауы мүмкін. Толғандырып жүрген мәселе немесе сұрағыңыз болса, жақын орналасқан жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе www.samsung.com веб-сайтынан ақпарат және көмек алыңыз.
- Бұл микротолқынды пеш тағам ысытуға арналған. Бұл тек үйде ғана қолдануға арналған. Матаны немесе дән толтырылған жастықшаларды қыздырмаңыз, жанып кетуі және өртке ұласуы мүмкін. Құрылғыны дұрыс немесе тиісті түрде қолданбау нәтижесінде бірнәрсе бүлінсе, өндіруші жауапкершілік көтермейді.
- Пешті таза ұстамаған жағдайда, оның бетінің сапасы кетіп, құрылғының қолданыс мерзімінің уақытынан бұрын аяқталуына әсер етуі және қатерлі жағдайлар орын алуы мүмкін.

БЕЛГІШЕЛЕР МЕН БЕЛГІЛЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕСІ



ЕСКЕРТУ

Ауыр жарақат немесе өлімге әкелетін **қатерлі жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер.**



**АБАЙ
БОЛЫҢЫЗ**

Адамға кішігірім жарақат әкелетін немесе мүлікке зиян келтіретін қатерлі жағдайлар немесе қауіпті әрекеттер.



Ескерту; Өрт қатері



Ескерту; Бет жағы ыстық



Ескерту; Тоқ



Ескерту; Жарылғыш зат



Әрекет ЕТПЕҢІЗ.



Нұсқауларды тура орындаңыз.



БҰЗБАҢЫЗ.



Ашаны розеткадан суырыңыз.



Қол ТИГІЗБЕҢІЗ.



Электр тоғының қатеріне түспес үшін құрылғыны жерге қосыңыз.



Қызмет көрсету орталығына хабарласып көмек алыңыз.



Ескерім



Маңызды

АСҚЫН МИКРОТОЛҚЫН ҚУАТЫНЫҢ ӘСЕРІНЕ ҰШЫРАМАУ ҮШІН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАҢЫЗ.

Төмендегі сақтық шаралары орындалмаса, микротолқын қуатының қатеріне ұшырауыңыз мүмкін.














- (a) Ешқашан есігі ашық тұрған пешті іске қосам деп әрекет жасауға немесе қауіпсіздік тетігін (есіктің бекітпесі) бұзуға немесе қауіпсіздік тетігінің саңылауларына бөгде зат сұғуға болмайды.
- (b) Пештің есігі мен алдыңғы жағының арасына ештеңе қыстырмаңыз немесе тығыздағыштарға тағам немесе тазалағыш заттың қалдықтары жиналуына жол бермеңіз. Есік пен есік тығыздағышының беттерін, пешті қолданып болғаннан кейін дымқыл шүберекпен сүртіп, содан кейін жұмсақ, құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- (c) Пеш бұзылып қалса, оны өндіруші тарапынан микротолқынды пешті жөндеу бойынша дайындықтан өткізілген техник жөндейінше іске қоспаңыз. Пеш есігінің дұрыс жабылуы мен төмендегілерге еш нұқсан келмеудің ерекше маңызы бар:
- (1) Есік (майысқан)
 - (2) Есіктің топсалары (сынық немесе босап қалған)
 - (3) есіктің тығыздағышы және тығыздағыш беттер
- (d) Бұл пешті өндіруші тарапынан микротолқынды пешті жөндеу бойынша дайындықтан тиісті түрде өткізілген техниктен басқа адам жөндеуге тиіс емес.

Бұл 2-ші топтағы, B санатына жататын ISM құрылғысы. 2-ші топқа радио-жиіліктегі қуатты электромагнитті сәуле ретінде, материалдарды өңдеу үшін арнайы шығаратын ISM құрылғыларының барлығы, сондай-ақ EDM және доғамен дәнекерлейтін құрылғылар да жатады.

B санатына тұрмыста қолдануға арналған немесе төмен кернеулі желіге тіке жалғанған тұрғын үй кешендерінде қолданылатын құрылғылар жатады.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

Осы қауіпсіздік нұсқауларының орындалуына әрқашан назар аударыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ					
	Микротолқынды пешті тек білікті маман ғана өзгертуге немесе жөндеуге тиіс.	✓	✓	✓	✓
	Тұмшаланып жабылған сауыттардағы сұйық заттарды және басқа тағамдарды қыздырмаңыз.	✓	✓	✓	✓
	Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін, жоғары қысымдағы су бүріккіш немесе бумен тазалайтын құралдарды қолданбаңыз.	✓	✓	✓	✓
	Бұл құрылғыны қыздырғыштың, тұтанғыш заттың қасына орнатпаңыз; ылғалды, майлы немесе шаңды жерге қойып немесе күн сәулесі тура түсетін және су ағатын немесе газ шығатын жерге; тегіс емес жерге қоймаңыз.	✓	✓	✓	✓
	Бұл құрылғыны жергілікті және мемлекеттік ережелерге сай дұрыс жерге қосу керек.	✓	✓	✓	✓
	Құрылғының ашасы қосылатын ағытпалар мен контакттарын, шаң немесе су тәрізді басқа заттардан құрғақ шүберекті қолданып мезгіл-мезгіл тазалап отырыңыз.	✓	✓	✓	✓
	Қуат сымын тартпаңыз немесе қатты майыстырмаңыз немесе үстіне ауыр зат қоймаңыз.	✓	✓	✓	✓
	Газ шығып кеткен кезде (мысалы, пропан, сұйылтылған газ т.с.с.) құрылғы ашасына қол тигізбей, бөлмені дереу желдетіңіз.	✓	✓	✓	✓
	Ашаны дымқыл қолмен ұстамаңыз.	✓	✓	✓	✓
	Іске қосылып тұрған құрылғыны ашасынан тартып электр желісінен ағытуға болмайды.	✓	✓	✓	✓










<input checked="" type="checkbox"/>	Саусақтарыңызды немесе бөгде затты құрылғыға сұқпаңыз, егер оған бөгде зат, мысалы су кіріп кеткен жағдайда, ашаны розеткадан суырыңыз да, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	Құрылғыға шамадан тыс күш салмаңыз немесе баспаңыз.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	Пешті раковина немесе шыны тәрізді осал заттардың үстіне қоймаңыз. (Ас үй қаптамасына қойылатын үлгі ғана)	✓	✓		
<input type="checkbox"/>	Құрылғыны бензол, сұйылтқыш, алкоголь, бұмен тазалағыш немесе жоғары қысыммен тазалағыш заттармен тазаламаңыз.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	Кернеу, жиілік және тоқ параметрлерінің, өнімнің техникалық параметрлеріне сай келетініне көз жеткізіңіз.	✓	✓		✓
<input type="checkbox"/>	Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз. Көп ашалы адаптерді, ұзартқыш сымды немесе электр трансформаторын қолданбаңыз.	✓	✓	✓	
<input type="checkbox"/>	Қуат сымын темір затқа ілмеңіз, оны заттардың арасынан өткізіп төсеңіз немесе құрылғының артынан өткізіңіз.	✓	✓	✓	
<input type="checkbox"/>	Бүлінген ашаны, бүлінген қорек сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз. Құрылғының ашасы немесе қорек сымы бұзылса, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	Бұл құрылғылар жеке тұрған таймер немесе қашықтан басқару құралының көмегімен басқарылмайды.	✓	✓		
<input type="checkbox"/>	Пешке су құюға немесе суды тура бүркүге болмайды.	✓	✓		
<input type="checkbox"/>	Пештің үстіне, ішіне немесе есігінің үстіне зат қоюға болмайды.	✓	✓	✓	
<input type="checkbox"/>	Құрт-құмырысқаларды құртуға арналған бүріккіш тәрізді тұтанғыш затты пештің бетіне шашпаңыз.	✓	✓		

<input checked="" type="checkbox"/>	Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	Бұл құрылғы көлік құралдарына, ұзақ жолсапар көліктеріне немесе сол сияқты көліктерге орнатуға арналмаған.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	Пештің ішіне тұтанғыш зат салып сақтауға болмайды. Құрамында спирті бар тағамдарды немесе сусындарды қыздырған кезде өте сақ болыңыз, себебі спирттің буы пештің ыстық бөлігіне тиіп кетуі мүмкін.	✓		✓	✓
<input type="checkbox"/>	Микротолқынды пешті тек ас үй қаптамасының үстіне қойып пайдалану керек, микротолқынды пешті жиһаздың ішіне қоюға болмайды. (Ас үй қаптамасына қойылатын үлгі ғана)	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Құрылғы мен оның қол жететін бөліктері, құрылғыны іске қосқан кезде қызып тұрады. Қыздырғыш элементтерге қол тиіп кетпес үшін абай болу керек. 8 жасқа толмаған балаларды, үнемі байқап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Балаларға пешті дұрыс қолданбағанда қатерлі жағдайлардың орын алатындығын түсіндіріп, оларға тиісті нұсқаулар бергеннен кейін микротолқынды пешті қауіпсіз қолдана алса ғана, ешкімнің қадағалауынсыз пайдалануға рұқсат етіңіз.	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Балалар үлкендердің қарауынсыз тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын орындамауға тиіс.	✓	✓	✓	✓

<input type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Егер есік немесе есік тығыздағыштарына нұқсан келсе, микротолқынды пешті уәкілетті техник маман жөндегенше іске қосуға болмайды.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Микротолқын қуатынан қорғайтын қапқакты алуды қажет ететін жөндеу немесе техникалық күтім көрсету жұмыстарын, білікті маманнан басқа адамдар жүзеге асырса, бұл олар үшін қатерлі.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Электр қатеріне түсіп қалмас үшін, құрылғы шамын ауыстырар алдында оның электр желісінен ағытулы екеніне көз жеткізіңіз.	✓	✓	✓	
<input type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Сұйық тағамдар мен басқа да тағамды тұмшаланып жабылған сауыттарда қыздыруға болмайды, себебі олар жарылуы мүмкін.	✓		✓	✓
<input type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда қол жететін бөлшектері қызып тұруы мүмкін. Жас балалар күйіп қалмас үшін оларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.	✓		✓	
<input checked="" type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Микротолқынды пеште сусындарды қыздырған кезде кенет тасып кетуі мүмкін, сондықтан да, сауытты абайлап ұстау керек; Бұндай жағдайдың алдын алу үшін, оларды ӨРҚАШАН пешті сөндіргеннен кейін, температура біркелкі болуы үшін кем дегенде 20 секунд пештің ішіне қоя тұрыңыз. Қажет болса, қыздырып жатқанда араластырыңыз және ӨРҚАШАН қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз. Бу шалып кетсе, төмендегі әрекеттерді орындап, АЛҒАШҚЫ ЖӨРДЕМ көрсетіңіз: <ul style="list-style-type: none"> • Бу шалып кеткен жерді кем дегенде 10 минут суық суға малыңыз. • Таза, құрғақ дөкемен жабыңыз. • Ешбір крем, май немесе лосьон жақпаңыз. 	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Құрылғы іске қосылып тұрғанда қызып кетеді. Пештің ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тиіп кетпес үшін абай болу керек.	✓		✓	✓

<input checked="" type="checkbox"/>	ЕСКЕРТУ : Баланы тамақтандыратын шөлмектің және балалар тағамы салынған қалбырлардың ішіндегісін берер алдында араластыру немесе шайқау керек және күйіп қалмас үшін температурасын тексеру керек;				✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкiстiгi бар немесе ақыл-есi кем, құрылғыны қолдану тәжiрибесi жоқ не қолдана бiлмейтiн адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауiпсiздiгiн қамтамасыз ететiн адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиiс.	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Пештiң камерасына және басқару панелiне қол оңай жету үшiн, оны дұрыс бағытта және биiктiкте орнату керек.	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Пештi ең алғаш рет iске қосар алдында, пештiң iшiне су қойып 10 минут қосу керек, содан кейiн қолдана беруге болады.	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Микротолқынды пештi оның ашасына қол жететiндей етiп орнату керек. Егер пештен тосын шуыл, көңiрсiген немесе түтiн иiсi шықса, ашаны дереу розеткадан суырыңыз да, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	✓	✓	✓	✓
<input type="checkbox"/>	тазалаған кезде құрылғының бетi бұрыңғысынан да қатты ысып кетуi мүмкiн, балаларды алыс ұстау керек (Тазалау функциясы бар үлгiге ғана қатысты)		✓	✓	
<input type="checkbox"/>	Жиналып қалған қоқысты тазалмай тұрып арылтып, пештi тазалаған кезде оның iшiнде қалдыруға болатын ыдыстарды пеш iшiнде қалдыра беруге болады. (Тазалау функциясы бар үлгiге ғана қатысты)	✓	✓	✓	✓
<input checked="" type="checkbox"/>	Орнатып болғаннан кейiн құрылғыны электр желiсiнен ағыту мүмкiн болуға тиiс. Құрылғыны желiден ағыту үшiн оның ашасы қол жететiн жерде тұруға тиiс немесе сымға қолданыстағы ережеге сай айырып-қосқыш орнатылуға тиiс. (Кiрiктiрiлген үлгiлерге ғана қатысты.)	✓	✓	✓	✓

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ					
	Тек микротолқынды пеште қолдануға болатын ыдыс-аяқтарды ғана қолданыңыз; металл сауыттардың ешқайсысын, жиіктері алтын немесе күміспен жалатылған ас ыдыстарын, істік, шанышқыларды т.с.с. ешқашан ҚОЛДАНБАҢЫЗ ; Қағаз немесе пластик қалталардың сымтемірден жасалған бауларын алыңыз. Себебі : Электр жарқылы немесе тұйығы пайда болып, пешті бүлдіруі мүмкін.	✓	✓	✓	✓
	Тағамды пластик немесе қағаз сауыттарға салып қыздырған кезде, пештен көз алмаңыз, бұндай заттар тұтанып кетуі мүмкін.	✓	✓		
	Микротолқынды пешті қағаз немесе киім кептіру үшін қолданбаңыз.	✓	✓	✓	✓
	Аз тағамды қыздырған кезде қатты ысып және күйіп кетпес үшін қысқа қыздыру уақытын қолданыңыз.	✓	✓	✓	✓
	Егер түтін шыққаны байқалса, құрылғыны сөндіріңіз немесе оны электр желісінен ағытыңыз да, жалын шыққаны байқалса оны басу үшін есікті ашпаңыз;	✓	✓	✓	✓
	Пешті мезгіл-мезгіл тазалап, тағамның қалдықтарын алып отыру керек;	✓	✓		✓
	Қорек сымы немесе ашасын суға батырмаңыз, қорек сымын қызу көзінен алыс ұстаңыз.	✓	✓		
	Қабығы аршылмаған немесе бітеулей пісірілген жұмыртқаны микротолқынды пеште қыздыруға болмайды, себебі олар жарылып кетуі, тіптен қыздырып болғаннан кейін де жарылуы мүмкін; Сондай-ақ, ауа өткізбейтін немесе тұмшаланып жабылған шөлмектерді, қалбырларды, сауыттарды, бітеу жаңғақтарды, қызанақтарды т.с.с. қыздырмаңыз.		✓	✓	✓

	Желдеткіш саңылауларды киіммен немесе қағазбен бітемеңіз. Пештен ыстық ауа шығатындықтан, бұндай заттар өртенуі мүмкін. Сондай-ақ, пеш қатты қызып кетіп, автоматты түрде сөніп, әбден суығанша сөнген қалпы тұруы мүмкін.	✓	✓		
	Байқаусызда күйіп қалмас үшін, тағамды пештен алар кезде әрқашан пешке арналған қолғапты қолданыңыз.			✓	
	Пештің қыздырғыш элементтеріне немесе ішкі қабырғасына ешқашан пеш суығанша қол тигізбеңіз.			✓	
	Сұйық заттарды қыздырудың орта тұсына келгенде немесе қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз және қыздырып болғаннан кейін кенет тасып кетпес үшін 20 секунд қоя тұрыңыз.			✓	
	Пештің есігін ашқан кезде, ыстық ауа немесе буға күйіп қалмас үшін қолдың ұзындығындай жерде алыс тұрыңыз.			✓	
	Бос тұрған микротолқынды пешті іске қоспаңыз. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында микротолқынды пеш автоматты түрде 30 минутқа сөнеді. Микротолқынды пеш кенет іске қосылып кетсе микротолқын қуатын сіңіру үшін оның ішіне әрқашан бір стакан су қойып қоюды ұсынамыз.	✓			✓
	Түрпілі тазалағыш заттар немесе өткір металл қырғыштарды пеш есігінің шынысын тазалау үшін пайдаланбаңыз, себебі бұндай заттар шыны бетіне сызат түсіріп оның шытынап кетуіне алып келеді.	✓			✓
	Пешті осы нұсқаулықта көрсетілген қашықтықтарды сақтай отырып орнатыңыз (Микротолқынды пешті орнату тарауын қараңыз)	✓		✓	
	Пештің қасында орналасқан розеткаларға басқа электр құрылғыларын жалғаған кезде абай болыңыз.	✓	✓	✓	




МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ОРНАТУ

Пешті тегіс, жазық, еденнен 85 см биік жерге қойыңыз. Пеш қойылатын бет, пештің салмағын еш қауіпсіз көтере алатындай мықты болуға тиіс.

1. Пешті орнатқан кезде, пештің артқы жағы мен екі жақ жанынан кем дегенде 10 см (4 дюйм), пештің үстінен 20 см (8 дюйм) ашық орын қалдырыңыз.



2. Пештің ішіндегі орам материалдарының барлығын алыңыз. Айналымды шығырық пен бұрылмалы табақты орнатыңыз. Бұрылмалы табақтың еркін айнала алатындығына көз жеткізіңіз.



3. Микротолқынды пешті оның ашасына қол жететіндей етіп орнату керек.

- ☑ Қорек сымна зақым келсе, оның орнына арнайы сым немесе жинақты, өндіруші немесе дилерден алып салу керек. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін қорек сымн 3-істікшелі, 230 В, 50Гц, жерге қосылған АТ розеткасына жалғау керек. Құрылғының қорек сымна зақым келсе, орнына арнайы сым ғана салынуға тиіс.
- ☑ Микротолқынды пешті кәдімгі пеш немесе радиатордың қасы тәрізді ыстық немесе ылғалды жерге қоймаңыз. Пешті қуат көзіне қосуға байланысты параметрлерін орындау керек, ұзартқыш сым қолданылса, ол да пеш сымның стандартына сай келу керек. Микротолқынды пешті ең алғаш іске қоспас бұрын, пештің іші мен тығыздағышын дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

УАҚЫТТЫ ОРНАТУ


Сіздің микротолқынды пешіңізге сағат орнатылған. Қуат көзіне қосылған кезде, бейнебетте “12:00” автоматты түрде пайда болады. Ағымдық уақытты орнатыңыз. Уақытты 12- сағат немесе 24-сағаттық форматта көрсетуге болады. Сағатты келесі жағдайларда орнату керек:

- Микротолқынды пешті алғаш орнатқанда
- Электр қуаты өшіп қалғанда

☑ Жазғы және қысқы уақыттарды ауыстырған кезде сағатты қайта орнатуды ұмытпаңыз.

1. Сағатты келесі режимге қою үшін... Содан кейін **Clock (Сағат)** түймешігін басыңыз...


24-сағаттық режим	Бір рет
12-сағаттық режим	Екі рет



2. Сағатты **h (сағ)** түймешігімен, минутты **min (мин)** түймешігімен орнатыңыз.



3. Дұрыс уақыт көрсетілген кезде, сағат жұмыс істей бастау үшін **Clock (Сағат)** түймешігін қайта басыңыз.



Нәтижесі: Микротолқынды пешті қолданбаған кезде, уақыт әрқашан көрсетіліп тұрады.



МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Микротолқындар - жоғары жиіліктегі электромагниттік толқындар; бөлінген қуат тағамның түрі мен пішімін өзгертпей пісіруге немесе қыздыруға мүмкіндік береді.


Микротолқынды төмендегі әрекеттер үшін қолдануға болады:

- Жібiту
- Жылдам жiбiту/Пiсiру
- Пiсiру

Пiсiру принципi.

1. Магнетронды түтiктен шыққан микротолқын, бұрылмалы табақтың үстiнде айналып тұрған тағамға бiркелкi таралады. Сондықтан да, тағам бiркелкi пiседi.

2. Микротолқындар тағамның түбiне дейiн, шамамен 1 дюймге (2,5 см) дейiн сiңедi. Содан кейiн қызу тағамның iшiнде тарала бастайды да, тағам пiсе түседi.



3. Пiсiру уақыты қолданылған ыдыс пен тағамның сапасына қарай әртүрлi болады:

- Мөлшерi және тығыздығы
- Судың мөлшерi
- Бастапқы температурасы (тоңазытқышта болды ма, жоқ па)


☞ Қызу таралған кезде тағамның ортасы пiседi де, тағам пештен алынғаннан кейiн де пiсе бередi. Рецептiде және осы кiтапшадa көрсетiлген тағамды қоя тұру уақытын, келесiнi орындау үшiн сақтау керек:

- Тағам шетiнен ортасына дейiн бiркелкi пiседi
- Тағамның бәр жерiндегi температура бiрдей

ПЕШТIҢ ДҰРЫС ЖҰМЫС ЖАСАП ТҰРҒАНЫН ТЕКСЕРУ

Келесi қарапайым әрекеттi орындау арқылы пештiң әрқашан дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексере аласыз. Басқару панелiнiң оң жақ бұрышындағы үлкен түймешiктi басып, пештiң есiгiн ашыңыз. Әуелi бұрылмалы табаққа бiр кесе су қойыңыз. Содан кейiн есiктi жабыңыз.

1. **Power Level (Қуат мәні)** түймешiгiн басып, **1 min (1 мин)** түймешiгiн қажетiнше басу арқылы уақытты 4-5 минутқа қойыңыз.



2. **Start (Бастау)** (◊) түймешiгiн басыңыз.

Нәтижесi: Пеш суды 4-5 минут қыздырады. Содан кейiн су қайнауға тиiс.



☞ Пештiң ашасы сәйкес келетiн розеткаға жалғанып тұруға тиiс. Бұрылмалы табак пештiң iшiндегi орнында тұруға тиiс. Ең үлкен мәннен басқа қуат мәнi қолданылса, суды қайнатуға көбiрек уақыт кетуi мүмкiн.

ҚУАТТЫ ҮНЕМДЕУ РЕЖИМIН ОРНАТУ

Пештiң қуатты үнемдеу режимi бар. Бұл функция пеш iске қосылмай тұрған кезде электр тоғын үнемдейдi.

- Пеш 5 минут қолданылмай тұрса, қуатты үнемдеу режимiне өздiгiнен қойылады. Пеш қуатты үнемдеу режимiнде тұрғанда, бейнебет ағарып тұрады, әрi пеш iске қосылмайды.
- Қуатты үнемдеу режимiнен шығу үшiн, есiктi ашыңыз, сонда бейнебетте “0” пайда болады. Пеш iске қосуға дайын.
- Егер қуатты үнемдеу режимiн қолданғыңыз келсе, қуатты үнемдеу түймешiгiн басыңыз.





АҚАУЛЫҚ ТУЫНДАСА НЕМЕСЕ КҮМӘН ПАЙДА БОЛСА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

Төмендегі ақаулықтардың бірі орын алса, көрсетілген шешімдерді қолданып түзетіп көріңіз.

Бұл қалыпты жағдай.

- Пештің ішінде конденсат пайда болады.
- Есіктің айналасы мен корпусстың сыртынан жел үрлейді.
- Есіктің айналасы мен корпус сыртында жарық шағылысады.
- Есіктің маңайы мен саңылаулардан бу шығады.

Start (Бастау) (◊) түймешігін басқан кезде пеш іске қосылмайды.

- Есік әбден жабылды ма?

Тағам мүлде піспеген.

- Таймерді дұрыс орнаттыңыз ба және/не Start (Бастау) (◊) түймешігін бастыңыз ба?
- Есік жабық тұр ма?
- Электр желісінің жүктемесін арттырғандықтан, сақтандырғыш жанып немесе айырып-қосқыш іске қосылған жоқ па?

Тағам қатты пісіп кеткен немесе шала піскен.

- Тағамның түріне сай келетін пісіру уақыты орнатылды ма?
- Сай келетін қуат мәні таңдалды ма?

Пештің ішінде жарқыл және сытыр (электр жарқылы) пайда болады.

- Металл жиегі бар ыдысты қолдандыңыз ба?
- Шанышқы немесе басқа металл ас құралы пештің ішінде қалып қойған жоқ па?
- Алюминий фольга пештің ішкі қабырғасына тым жақын орналасқан жоқ па?

Пеш радио немесе теледидарға бөгеуіл жасайды.

- Пеш жұмыс жасап тұрған кезде теледидар мен радиода аздаған бөгеуіл пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Бұндай бөгеуілді азайту үшін, пешті теледидар, радио және антеннадан алыс орнатып көріңіз.
- Пештің микропроцессоры бөгеуіл барын анықтаса, бейнебет параметрлерін қайта орнату қажет болуы мүмкін. Бұл ақаулықты түзету үшін ашаны розеткадан суырыңыз да, қайта жалғаңыз. Уақытты қайта орнатыңыз.

- ☑ Жоғарыда көрсетілген ақыл-кеңес ақаулықты түзетуге көмектеспесе, жергілікті дилер немесе SAMSUNG тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ПІСІРУ/ҚЫЗДЫРУ

Төменде тағамды қалай пісіруге немесе қыздыруға болатындығы туралы айтылған.

Пешті қараусыз қалдырардың алдында ӘРҚАШАН пісіру параметрлерін тексеріңіз.

Алдымен, тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Содан кейін есікті жабыңыз.

1. Power Level (Қуат мәні) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: 750 Вт (макс. пісіру қуаты) көрсетіледі:

Тиісті қуат мәнін **Power Level (Қуат мәні)** түймешігін, бейнебетте тиісті қуат мәні көрсетілгенше қайта басыңыз. Қуат мәндерін келесі беттегі кестеден қараңыз.



2. Пісіру уақытын 10 min (10 мин), 1 min (1 мин) және 10 s (10 сек) түймешігін басып таңдаңыз.



3. Start (Бастау) (◊) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: Пештің шамы жанады да, бұрылмалы табақ айнала бастайды.

- 1) Тағам пісе бастайды және пісіп болғаннан кейін пеш төрт рет сигнал береді.
- 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
- 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

- ☑ Бос тұрған микротолқынды пешті ешқашан қоспаңыз.



ҚУАТ МӘНДЕРІ

Төмендегі қуат мәндерінің ішінен қажетін таңдауыңызға болады.

Қуат мәні	ШЫҒЫСЫ	
	МТП	ГРИЛЬ
ЖОҒАРЫ	750 Вт	-
ОРТАША ЖОҒАРЫ	600 Вт	-
ОРТАША	450 Вт	-
ОРТАШАДАН ТӨМЕН	300 Вт	-
ЖІБІТУ (☼☼)	180 Вт	-
ТӨМЕН/ЖЫЛЫ ҰСТАУ	100 Вт	-
ГРИЛЬ	-	950 Вт
АРАЛАС I (☼☼☼)	600 Вт	950 Вт
АРАЛАС II (☼☼☼)	450 Вт	950 Вт
АРАЛАС III (☼☼☼)	300 Вт	950 Вт

 Жоғарырақ қуат мәнін таңдасаңыз, пісіру уақытын азайту керек.


 Азырақ қуат мәнін таңдасаңыз, пісіру уақытын ұзарту керек.

ПІСІРУДІ ТОҚТАТУ

Тағам пісіруді кез келген уақытта тоқтатып, тағамды тексеруіңізге болады.

1. Уақытша тоқтату үшін;
Есікті ашыңыз.


Нәтижесі: Пісіру тоқтайды. Қайта жалғастырып пісіру үшін, есікті жабыңыз да, **Start (Бастай)** (◊) түймешігін қайта басыңыз.



2. Мүлдем тоқтату үшін;
Stop (Тоқтату) (⊖) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: Пісіру үрдісі тоқтайды. Пісіру параметрлерін біржола тоқтатқыңыз келсе, **Stop (Тоқтату)** (⊖) түймешігін қайта басыңыз.



-  Кез келген параметрді тағам пісіруді бастамай тұрып, **Stop (Тоқтату)** түймешігін басып тоқтатуыңызға болады.

ПІСІРУ УАҚЫТЫН РЕТТЕУ

Пісіру уақытын, әрбір қосқыңыз келген 30 секунд үшін +30 сек түймешігін бір рет басып ұзартуыңызға болады.

1. Әрбір қосқыңыз келген 30 секунд үшін **+30 s (+30 сек)** түймешігін бір рет басыңыз.



2. **Start (Бастай)** (◊) түймешігін басыңыз.



ОРЫС ДӘСТҮРІМЕН ПІСІРУ ФУНКЦИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Орыс дәстүрімен пісіру функциясын қолданғанда тағам пісіру уақыты автоматты түрде қойылады, әрі Бастау түймешігін басудың қажеті жоқ. Үстелге тартылатын тағам мәзірі санын тиісті Орыс дәстүрімен пісіру функциясының түймешігін қажетінше басып реттеуіңізге болады.

Алдымен, тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.



1. **Russian Cook** () (Орыс дәстүрімен пісіру) түймешігін қажетті сан көрсетілгенше басыңыз.

2. **start** () (бастау) түймешігін басыңыз

Нәтижесі: Бұл режим аяқталған кезде:

- 1) Пеш төрт рет сигнал береді.
- 2) Пісіру аяқталғанын ескертетін сигнал 3 рет естіледі. (минутына бір рет)
- 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.



Микротолқынға төзімді ыдыстарды ғана қолданыңыз.

ЖЫЛДАМ ОРЫС ДӘСТҮРІ БОЙЫНША ПІСІРУ /ПІСІРУ

Келесі кестеде 4 автоматты түрде орыс дәстүрімен пісіру/пісіру бағдарламалары, тағамның мөлшері, қоя тұру уақыты мен тиісті ұсыныстар берілген.



1. ТАҒҒЫ АС

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1	Ботқа	200 г	Кебір орыс ботқасы «Геркулес» – 30 г қант – 5 г / Тұз – 0,5 г Қайнаған су – 150 мл Суық сүт – 50 мл
< Ұсыныстар >			
Шыныаяқ тәрізді ыдысқа құрғақ ботқаны, қант пен тұзды салыңыз. Қайнап тұрған судан қосып, жақсылап араластырыңыз. Сай келетін пластик қақпақпен жабыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашпештен сигнал естілген кезде ботқаны салыңыз. Сүт қосып, жақсылап араластырыңыз. Қақпақ жауып, пісіруді жалғастырыңыз.			
2	Қарақұмық	200 г	Қарақұмық – 100 г Тұз – 2 г Қайнаған су – 250 мл
< Ұсыныстар >			
Шыныаяқ тәрізді ыдысқа қарақұмық мен тұзды салыңыз. Қайнап тұрған судан қосып, жақсылап араластырыңыз. Сай келетін қақпақпен жабыңыз. Пісіре бастаңыз.			
3	Ірімшіктен жасалған тост	40 г - 60 г	Тост наны – 2 тілім әр 26 г – 28 г үшін Ірімшік – 2 тілім әр 20 г үшін
< Ұсыныстар >			
Гриль торына екі тосттан салыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашпештен сигнал естілген кезде, тост нандарын төмен аударып, үстіне ірімшіктерден салыңыз. Содан кейін пісіруді жалғастырыңыз.			

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
4	"Пашот" жұмыртқасы	1 дана	Жұмыртқа – 1 дана Су – 150 мл Орыс сіркесуы 9 % – 10-15 мл
			< Ұсыныстар >
Су және сіркесу құйылған шараны тұмшاپешке қойыңыз. Суды қайнатыңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, қайнаған су және сіркесуы бар шараны алыңыз. Шанышқымен сүйемелдеп тұрып, қабығы жоқ жұмыртқаны шараға салыңыз. Пісіру үрдісін жалғастырыңыз.			
5	Қалбырдағы арқан балық пен ыстық майонез қосылған нан	2 г x 75 г	Нан, 2 тілім / әр 22 г үшін Қалбырдағы арқан балық – 60 г (әр 30 г үшін 2) Майонез – 36 г (әр 18 г үшін 2) Сарымсақ түйірлері (ұсақталған)– 2-5 г
			< Ұсыныстар >
Гриль торына екі нан тілімін қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, нанды аударып, үстіне қалбырдағы арқан балық пен майонез салыңыз. Пісіру үрдісін жалғастырыңыз. Үстіне ұсақталған сарымсақтан салып әрлеңіз.			
6	Қалбырдағы бұршақ қосылған шұжық	Шұжық – 2 дана, Ыстық бұрыш -132 г	Шұжықтар – 2 дана, әрбірі 50 г Сарымай – 5 г Қалбырдағы бұрыш –135 г (күрғақ салмағы)
			< Ұсыныстар >
Шараға терісі тесілген шұжықтарды салыңыз, бетіне қақпақ жаппаңыз, жанына сәл сарымай салыңыз. Майдың үстіне қалбырдағы бұрышты салыңыз. Пісіре бастаңыз.			
7	Омлет	130-135г	Жұмыртқа – 3 дана Сүт – 30 мл / Тұз – 2 г
			< Ұсыныстар >
Жұмыртқаға сүт пен тұз қосып көпіршітіп, табаққа құйыңыз. Пісіре бастаңыз.			

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
8	Сырник	95 г үшін 2	Горчица ірімшігі – 90-100 г Бидай – 10 г Қант (ваниль шекері)–10 г Тұз – 0,5 г / Жұмыртқа – 1/4дана Сарымай - 5-10 г (майлау үшін)
			< Ұсыныстар >
Сарымайдан басқа құраластардың барлығын жақсылап араластырыңыз. Екі дөңгелек қалып дайындаңыз. Дөңгелек қалыптардың түбін жақсылап майлаңыз. Оны балауыз қағазға салып, гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, дөңгелек қалыптарды аударып, пісіруді жалғастырыңыз.			
9	Кекс	180 г	Қант – 45 г Ваниль шекері – 5 г Сарымай – 40 г Жұмыртқа – 1/2 дана Сүт -30 мл Қопсытқыш ұнтақ -3 г Бидай – 100 г
			< Ұсыныстар >
Қант, ваниль шекері мен сарымайды жақсылап араластырыңыз. Көпіршітілген жұмыртқаны қосыңыз. Қалған құраластардың барлығын қосыңыз. Сарымай жағылған шараға салыңыз. Пісіре бастаңыз. Шарадан алмай тұрып суытып алыңыз.			
10	Лимон қосылған булочка	190 г (5дана)	Бидай – 100 г / Сарымай – 50 г Қант – 40 г Жұмыртқаның сарысы – 1дана, Жылы су – 1ас қасық, әрлеу үшін лимон қабығы: Жұмыртқаның сарысы – 1дана Безендіргіш шекер – 3-5 г
			< Ұсыныстар >
Барлық құраластарды жақсылап араластырыңыз. Бес булочка жасаңыз. Балауыз қағазға қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, булочканың үстіне жұмыртқаның сарысын жағып, қанттан сеуіп, пісіруді жалғастырыңыз. Суыту үшін қоя тұрыңыз.			

2.ТҮСКІ АС



Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1	Борщ	340 г	(1)Туралған қызылша - 50 г Ұзыншалап туралған қырыққабат – 20 г Туралған сәбіз -15 г Ұзыншалап туралған пияз - 10 г Қызылша езбесі - 15 г / Қант - 5 г Қайнаған су - 300 мл (2)Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 250 мл / Лавр жапырағы -1 дана / Орыс сіркесуы 9% /- 5 мл, егер қаласаңыз
			< Ұсыныстар > Үлкен шараға құраластардың (1) барлығын салыңыз да, қайнаған судан құйыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде жақсылап араластырып, ет сорпасын құйып, лавр жапырағын(2) салыңыз. Содан кейін пісіруді жалғастырыңыз.
2	Щи	350 г	(1) Ұзыншалап туралған қырыққабат – 45 г Туралған сәбіз – 15 г Ұзыншалап туралған пияз – 10г Картол кесектері – 25 г Қызылша езбесі – 10 г Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 400 мл (2) Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су -100 мл / Лавр жапырағы -1 дана
			< Ұсыныстар > Үлкен шараға құраластардың (1) барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде жақсылап араластырып, ет сорпасын құйып, лавр жапырағын(2) салыңыз. Содан кейін пісіруді жалғастырыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3	Солянка	340 г	(1) Ұзыншалап туралған пияз – 45 г Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су -350 мл (2)Каперс түйірлері – 7 г Тұздалған, туралған қияр – 50 г Қызылша езбесі – 10 г / Қара зәйтүн – 16 г Қара зәйтүннің сұйығы – 20 мл Лавр жапырағы -1 дана / Ет жинағы – 30 г Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су -350 мл
			< Ұсыныстар > Үлкен шараға пияздан салып, қайнап тұрған сорпаны (1) құйыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде келесі құраластарды (2) салыңыз. Жақсылап араластырып, сорпадан құйып, лавр жапырағын салыңыз да, жалғастырып пісіріңіз.
4	Көкөніс сорпасы	350 г	Вермишель – 10 г / Тауықтың қоң еті – 50 г Туралған сәбіз – 15 г Ұзыншалап туралған пияз – 10 г Тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 440 мл
			< Ұсыныстар > Үлкен шараға құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Пісіре бастаңыз.
5	Тауық етінен жасалған көже	350 г	Вермишель – 10 г / Тауықтың қоң еті – 50 г Туралған сәбіз – 15 г / Ұзыншалап туралған пияз – 10 г Тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 440 мл
			< Ұсыныстар > Үлкен шараға вермишельді салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Қалған құраластардың барлығын қосыңыз. Жақсылап араластырыңыз да, пісіре бастаңыз.
6	Котлета	114 г 2 дана	(1)Ақ нан - 10 г Сүт – 15 мл (2)Шошқаның немесе сиырдың тартылған еті 120 г / Тұз – 2 г / Қара бұрыш – 1 г (3)Нанның қоқымдары – 5 г
			< Ұсыныстар > Нанға(1) сүт тамызыңыз. Тартылған етке қосып, жақсылап араластырыңыз. Дәмдеуіштерді салыңыз(2). Екі домалақ жасап, үстіне нан қоқымдарын(3) себіңіз. Табаққа салыңыз. Пісіре бастаңыз.



Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
7	Арқан балықтан гриль жасау	150 г - 170 г	Сүйегі мен терісі алынбаған арқан балық филесі – 200 г -250 г / Тұз – 1 г Лимон – 15 г (шырынын сығыңыз) / Май - 5 г
< Ұсыныстар >			
Арқан балық стейгін дәмдеп, май жағыңыз. Табаққа салыңыз. Табақты гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшашпештен сигнал естілген кезде стейкті аударыңыз. Содан кейін пісіруді жалғастырыңыз.			
8	Қыша соусы қосылған шошқаның мойыны	250 г	(1)Шошқаның мойыны – 150 г Туралған сәбіз – 20 г Ұзыншалап туралған пияз – 20 г Тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 100 мл (2)Тұздыққа қосыңыз: Бидай – 5 г Дижон қышасы – 20 г / Қышқыл қаймақ – 30 г Су – 50 мл
< Ұсыныстар >			
Етті ұзыншалап турап, көкөністерді дайындап, тауық сорпасын(1) қосыңыз. Жақсылап араластырыңыз да, пісіре бастаңыз. Тұздыққа(2) қосылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. Тұмшашпештен сигнал естілген кезде, еті бар сорпаға құраластарды салып араластырыңыз да, жалғастырып пісіріңіз.			
9	Тұшпара	185 г (15 дана)	Мұздатылған тұшпара – 15 дана (10 г - біреуінде 12 г) Тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 400 мл Бүтін қара бұрыш – 3-5 дана. Лавр жапырағы – 1 дана.
< Ұсыныстар >			
Үлкен шара тәрізді табаққа құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Өбден араластырыңыз. Сай келетін пластик қақпақпен жабыңыз. Пісіре бастаңыз.			
10	Құрғақ жеміс компоты	200 мл	Кептірілген абрикос – 25 г Қара өрік –20 г Кептірілген алма – 15 г Қант – 10 г Лимон қышқылы – 2 шөкім Қайнаған су – 450 мл
< Ұсыныстар >			
Үлкен шараға құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған судан құйыңыз. Пісіре бастаңыз.			



3. КЕШКІ АС

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1	Қайнатылған жұмыртқа қосылған ет рулеті	180 г	Тартылған ет (сиыр немесе шошқа еті).- 150 г Қайнатылған жұмыртқа – 1 дана Тұз – 2 г Қара ұнтақ бұрыш – ½ г
< Ұсыныстар >			
Етке дәмдеуіштерден қосып, қолыңызбен жақсылап араластырыңыз. Еттен орама жасаңыз. Ет рулетінің ортасына жұмыртқаны салыңыз. Жұмыртқаның екі жағын етпен жабыңыз. Доға тәрізді пішінге келтіріңіз. Табаққа салыңыз. Табақты гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз.			
2	Голубцы	225 г 2 дана	(1)Домалатылған еттер (а) Тартылған ет (сиыр немесе шошқа еті).- 120 г Пісірілген кәдімгі күріш – 8 г Туралған қырыққабат – 25 г Тұз – 1 г – 2 г Қара ұнтақ бұрыш – ½ г (b) Ұзыншалап туралған пияз – 30 г Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат - 100 мл (2)Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 5 г Қызанақ езбесі – 10 г Қышқыл қаймақ – 30 г Су – 50 мл
< Ұсыныстар >			
Етке көкөністер мен дәмдеуіштерден қосып, қолыңызбен жақсылап араластырыңыз(а). Екі сопақ пішінге келтіріңіз. Пиязды шара іспетті табаққа салыңыз. Сопақ еттерді осыған салып, үстіне сорпадан құйыңыз(б). Табақты гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұздыққа(2) араластырылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. Тұмшашпештен сигнал естілген кезде, сопақша еттер салынған еттің сорпасына құраластарды араластырыңыз. Аударыстырып, пісіруді жалғастырыңыз.			



Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3	Қызанақ езбесі қосылған котлета	265 г 2 дана	(1) Котлета (а) Ақ нан - 30 г Сүт – 35 мл Тартылған ет (сиыр немесе шошқа еті) - 130 г Тұз – 1- 2 г Қара ұнтақ бұрыш – ½ г (b) Ұзыншалап туралған пияз - 15 г Ұзыншалап туралған сәбіз – 30 г Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат - 100 мл (2) Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 5 г Қызанақ езбесі –10 г Су – 50 мл
< Ұсыныстар >			
Нанды сүтке салыңыз. Оны тартылған етке қосыңыз. Дәмдеуіштер салып, қолыңызбен жақсылап араластырыңыз(а). Екі котлета жасаңыз. Пияз мен сәбізді шара іспетті табаққа салыңыз(б). Котлеталарды осыған салып, үстіне сорпадан құйыңыз. Табақты гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұздыққа(2) араластырылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, котлеталар салынған еттің сорпасына құраластарды араластырыңыз. Аударыстырып, пісіруді жалғастырыңыз.			
4	Қара өрік қосылған тауық сирақтары	325 г 2 дана	Ұзыншалап туралған пияз – 15 г Ұзыншалап туралған сәбіз – 20 г Тауықтың сирақтары – 2 дана. (160 г –180 г) Қара өрік – 5 –7 түйір. (50 г) Тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 150 мл
< Ұсыныстар >			
Пияз мен сәбізді шара іспетті табаққа салыңыз. Тауық сирақтарын үстіне салыңыз да, қара өрікті салып, үстіне сорпа құйыңыз. Табақты микротолқынды пешке салыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, аударыңыз да, пісіруді жалғастырыңыз.			

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
5	Көкөніс қосып бұға пісірілген күркетауық	315 г	Күркетауық қоң еттері -150 г Ұзыншалап туралған асқабақ - 50 г Ұзыншалап туралған пияз – 15 г Ұзыншалап туралған сәбіз – 20 г Тауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 100 мл
< Ұсыныстар >			
Үлкен шара іспетті табаққа құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшاپештен сигнал естілген кезде, аударыңыз да, көкөністерді араластырып пісіруді жалғастырыңыз.			
6	Картоп пісірмесі	140-180 г 1-2 дана	Ірі картоп – 160 – 200 г 1 – 2 дана
< Ұсыныстар >			
Картоптарды жуып, қабығын шанышқымен тесіңіз. Микротолқынды пешке салыңыз. Пісіре бастаңыз. Үстелге тартар алдында сарымай немесе қышқыл қаймақ немесе ірімшік не т.с.с. қосыңыз.			
7	Рататуй	260 г	Текшелеп туралған асқабақ– 100 г Текшелеп туралған сәбіз – 60 г Текшелеп туралған болғар бұрышы – 75 г Текшелеп туралған пияз – 45 г Туралған сарымсақ– 6 г Қызанақ езбесі – 10г (дәмдеу үшін орегано және базилик) Көкөніс сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 150 мл
< Ұсыныстар >			
Барлық құраластарды шара іспетті табаққа салыңыз. (Орегано және базиликті қосыңыз). Жақсылап араластырыңыз. Пісіре бастаңыз.			

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
8	Крупеник	224 г	(а) Қыша қосылған ірімшік 9%- 120-140 г Қант – 10-15 г Тұз – ½ г Жұмыртқа – ½ дана Пісірілген қарақұмық – 140 г (b) Сарымай – 5 г Нан қоқымдары – 1-2 г (с)Қышқыл қаймақ – 30 г
			< Ұсыныстар >
Барлық құраластарды араластырыңыз(а). Шара тәрізді сарымай жағылған және нан қоқымы себілген табаққа салыңыз(б). Үстіне қышқыл қаймақтан құйыңыз(с). Пісіре бастаңыз			
9	Ескі орыс дәстүрімен пісірілген балық	340 г	(1) Ұзыншалап туралған қызылша – 30 г Ұзыншалап туралған сәбіз – 30 г Ұзыншалап туралған пияз – 15 г БалықТауық сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 150 мл (2)Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 10 г Қызанақ езбесі – 10 г Қышқыл қаймақ – 30 г Су – 50 мл (3)Сазан немесе алабұға қоң еті – 150 г Лавр жапырағы – 1 дана
			< Ұсыныстар >
Үлкен шара іспетті табаққа құраластардың барлығын салыңыз да, қайнаған сорпаны құйыңыз.(1) Пісіре бастаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде, „тұздықтың қоспасын“ көкөністермен бірге сорпаға қосыңыз. Балық пен лавр жапырағын қосыңыз(3). Пісіру үрдісін жалғастырыңыз			

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
10	Мәскеу дәстүрімен балық пісіру	270 г	(1) Шампиньон – 30 г Алабұға қоң еті - 150 г Май – 5 г (2) Қышқыл қаймақ –15 г (3) Дөңгелектеп туралған, тұмшашапте пісірілген картоп – 2 дана, 60-70 г үшін Қышқыл қаймақ –15 г Тұз – 5 г Ақ ұнтақ бұрыш – ½ г Үгілген ірімшік – 25 г
			< Ұсыныстар >
Шыныаяқ тәрізді ыдысқа саңырауқұлақтарды салып, жанына балықты салыңыз. Үстіне май тамызыңыз(1). Пісіре бастаңыз. Тұмшашаптен сигнал естілген кезде басқа шара тәрізді табақтың ортасына қышқыл қаймақтың жартысын салыңыз (ортасына) (2). Үстіне пісірілген саңырауқұлақтарды салыңыз. Оның үстіне балықты салыңыз. Дөм-татымын келтіріңіз. Айналасына балық пен туралған картопты салыңыз. Картоптың үстіне ірімшікті салыңыз(3). Пісіру үрдісін жалғастырыңыз			
11	Мұздатылған пицца	330 г	Мұздатылған пицца – 300 г
			< Ұсыныстар >
Балауыз қағазға қойылған, мұздатылған пиццаны гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз.			

4. АРНАЙЫ ТАҒАМ



Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1	Ет толтырылған болгар бұрышы	480 г -500г 2 дана	(1) Болгар бұрышы – 2 дана, әр 80 г үшін Тартылған ет (сиыр немесе шошқа еті).- 150-190 г (екі бөлікке бөліңіз) Пісірілген кәдімгі күріш – 10-20 г Тұз – 5 г / Қара ұнтақ бұрыш – ½ г Сиыр етінің сорпасы немесе құрғақ концентрат қосылған су - 150 мл (2) Тұздыққа арналған қоспа: Бидай – 5 г Қызанақ езбесі – 10г Су – 50 мл
< Ұсыныстар >			
Күрішті тартылған етке қосыңыз. Дәмдеуіштер салып, қолыңызбен жақсылап араластырыңыз. Бұрыштың өзегі мен дөңдерін алыңыз. Бұрышқа ет толтырыңыз. Шараға салып, сорпаны құйыңыз(1). Пісіре бастаңыз. Тұздыққа(2) араластырылатын құраластардың барлығын дайындаңыз. Тұмшаштен сигнал естілген кезде, тұздықты ет толтырылған бұрыштар салынған сорпаға құйыңыз. Аударыстырып, пісіруді жалғастырыңыз.			
2	Расстегай	75 г (1дана)	(1)Мұздатылған, ашыған қамыр (2 төртбұрыш қалып) - қалыптың 1/4 (2) толтырмасы: Кішкене-кішкене текшелеп туралған алабұға – 25 г Шампиньон, текшеленген -6 г Пісірілген кәдімгі күріш -4 г Жұмыртқаның сарысы - үстіне жағу үшін 1/4 бөлігі
< Ұсыныстар >			
Қамырды жібітіңіз. Қамырды қажетті бөліктерге бөліңіз(1). Толтырма ретінде қолданылатын қоспалардың барлығын араластырыңыз(2). Толтырманы қамырдың ортасына салыңыз. Кеме тәрізді пішінге келтіріп түйіңіз. Жұмыртқаның сарысын жағыңыз. Табаққа салыңыз. Табақты гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшаштен сигнал естілген кезде, бөлішті табақтан алып, балауызды қағазға қойыңыз. Балауызды қағаздағы бөлішті гриль торына қойыңыз. Пісіру үрдісін жалғастырыңыз.			

20

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3	Нан қоқымдары қосылған ірімшік	125 г (5 дана)	Ірімшік – 125 г (4-5 дана, әрбірі 25 г) Жұмыртқа – 1/2 бөлігі Нан қоқымдары – 3-5 г
< Ұсыныстар >			
Ірімшікті 5см x 5см текшеге бөліңіз. Жұмыртқаның сарысына салып, нан қоқымдарын себіңіз. Пешті Гриль функциясымен 5мин алдын ала ысытыңыз. Ірімшікті балауыз қағазға қойыңыз. Содан кейін гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз.			
4	Тауық көуабы	280г	Тауық сирағының филесі –380 г Қызанақ езбесі – 20 г Тұз – 5 г Туралған сарымсақ – 3 г Май – 7 г Кәдімгі йогурт – 70 г Істіктер
< Ұсыныстар >			
Филені 3см x 3см текшеге бөліңіз. Маринад қоспаларының барлығын араластырыңыз. Тауық филесін маринадқа салыңыз. Істіктерге шаншыңыз. Табаққа салып, гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз.			
5	Боярлар еті	260г	Шошқаның мойыны – 280 г 4 бөлікке бөліңіз Тұз – 2 г Қара ұнтақ бұрыш – ½ г Шампиньон тілімдері – 45 г Майонез – 55 г
< Ұсыныстар >			
Етке дәмдеуіштер қосыңыз. Етті табаққа салыңыз. Табақты гриль торының үстіне қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшаштен сигнал естілген кезде, еттің үстіне шампиньондарды салып, үстіне майонез құйыңыз. Пісіру үрдісін жалғастырыңыз.			


Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
6	Ақсерке қосылған самса	180 г	Мұздатылған, ашыған қамыр – 130 г Толтырмасы: Кішкене текшелеп туралған ақсерке филесі – 100 г Тұз – 1 г Табаға қуырылған, текшелеп туралған пияз - 20 г Кішкене текшелеп туралған, қайнатылған жұмыртқа – 30 г Жұмыртқаның сарысы – 1 дана, жағу үшін
< Ұсыныстар >			
Қамырды жібітіңіз. 2мм қалың етіп жайыңыз. Толтырма қоспаларының барлығын араластырыңыз. Толтырманы қамырдың ортасына қойыңыз. Қамырдың шеттерін біріктіріп жапсырыңыз. Пішімге келтіріңіз. Біраз жерінен тіліңіз. Жұмыртқаның сарысын үстіне жағыңыз. Пешті Гриль функциясымен 5мин алдын ала ысытыңыз. Осы қамырды балауыз қағазға қойыңыз. Содан кейін гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз. Тұмшалаштен сигнал естілген кезде балауыз қағазды алыңыз. Қамырды аударыңыз. Пісіру үрдісін жалғастырыңыз.			
7	Арқан балық көуабы	280 г	Үлкен текшелеп туралған арқан балық – 350-370 г Лимон – 25 г (шырынын сығыңыз) Тұз – 5 г Май – 10 г Туралған балдыркөк – 10 г Істіктер
< Ұсыныстар >			
Барлық қоспалар мен балықты араластырыңыз. 15-20 мин тұздықтаңыз. Істіктерге шаншыңыз. Табаққа салып, гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз.			

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
8	Көкөніс қосылған бақтақ	210-240 г	Сарымай – 5 г Ұзыншалап туралған сөбіз – 35 г Ұзыншалап туралған пияз – 25 г Туралған сарымсақ -3 г Туралған сельдерей жапырақтары – 5 г Бақтақ – 1 дана – 220-250 г Тұз – 1 г Ақ ұнтақ бұрыш – ½ г Сарымай – 5 г
< Ұсыныстар >			
Балауызды қағаздың ортасын майлаңыз. Сөбіз, пияз, сарымсақ және сельдерейді үстіне салыңыз. Көкөністердің үстіне дәмтатымы келтірілген бақтақты салыңыз. Балықтың үстіне май салыңыз. Қақпақ жабыңыз. Микротолқынды пешке салып, пісіре бастаңыз.			
9	Печенье	160г (2x80г)	Бидай – 85 г Безеңдіргіш қант – 25 г Сарымай – 50 г Жұмыртқа – 1/2 бөлігі Тұз – 1 г
< Ұсыныстар >			
Бидай, безеңдіргіш қант пен сарымайды жақсылап араластырыңыз. Тұз бен жұмыртқаны қосыңыз. Жақсылап араластырыңыз. Екі дөңгелек қалыпқа салыңыз. Балауызды қағазға салып, гриль торына қойыңыз. Пісіре бастаңыз.			
10	Мүкжидектен жасалған морс	200 мл	Мұздатылған мүкжидек – 50 г Қант – 35 г Су – 200 мл
< Ұсыныстар >			
Мұздатылған мүкжидекті тартыңыз. Барлық құраластарды шараға салыңыз. Пісіре бастаңыз. Суытып, сорғытыңыз.			

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖЫЛДАМ ЖІБІТУ ФУНКЦИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Автоматты түрде жылдам жібіту функциясы, ет, құс етін, балықты жібітуге көмектеседі. Жібіту уақыты мен қуат мәні автоматты түрде орнайды.

Тек бағдарлама мен салмақты таңдасаңыз жеткілікті.

 Тек микротолқынға төзімді ыдыстарды ғана қолданыңыз.

Алдымен, мұздатылған тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.

1. **Rapid Defrost (Жылдам жібіту)** (❄️) түймешігін бір немесе бірнеше рет басып пісірілетін тағамның түрін таңдаңыз. (Қосымша ақпарат алу үшін, келесі беттегі кестеге қараңыз)




2. Тағамның салмағын **kg** және **g** түймешігін басып таңдаңыз.
Максимум 1500 г салмақты орнатуға болады.



3. **Start (Бастай)** (▶️) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі:

- Жібіту басталады.
- Пеш тағам жібітудің орта тұсына келгенде сигнал береді де, тағамды аударатын уақыт келгенін хабарлайды.
- Тағам жібітуді аяқтау үшін **Start (Бастай)** (▶️) түймешігін қайта басыңыз.

 Сонымен қатар, тағамды қолдан жібітуге де болады. Ол үшін микротолқынмен пісіру/қыздыру функциясын, 180 Вт қуат мәніне қойып таңдаңыз. Қосымша ақпаратты 12-ші беттегі “Пісіру/Қыздыру” тарауынан алыңыз.




АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЖЫЛДАМ ЖІБІТУ ФУНКЦИЯСЫ

Келесі кестеде әртүрлі автоматты түрде жылдам жібіту бағдарламалары, тағамның мөлшері, қоя тұру уақыты мен тиісті ұсыныстар берілген.

Тағамды жібітудің алдында орам материалдарының барлығын алыңыз. Ет, құс еті, балық, жеміс/жидекті керамика табаққа салыңыз.


Коды/Тағам	Мөлшері	Қоя тұру уақыты	Ұсыныстар
1. Ет	200-1500 г	20-90 мин	Шеттерін алюминий фольгамен жабыңыз. Пеш сигнал берген кезде етті аударыңыз. Бұл сиыр, қой, шошқа етін, стейк, туралған ет, фаршталған етті пісіруге жарайтын бағдарлама.
2. Құс еті	200-1500 г	20-90 мин	Сирақтары мен қанаттарының ұшын алюминий фольгамен жабыңыз. Пеш сигнал берген кезде құс етін аударыңыз. Бұл бүтін тауықты да, сонымен қатар бөлшектелген тауық етін де пісіруге жарайтын бағдарлама.
3. Балық	200-1500 г	20-80 мин	Бүтін балықтың құйырығын алюминий фольгамен жабыңыз. Пеш сигнал берген кезде балықты аударыңыз. Бұл бүтін балықты да, балық филесін де пісіруге жарайтын бағдарлама.
4. Жеміс/Жидек	100-600 г	5-20 мин	Жемістерді шыны табаққа біркелкі таратып салыңыз. Бұл жемістердің барлық түрлеріне сай келетін бағдарлама.

 Тағамды қолдан жібіткіңіз келсе, 180 Вт қолдан жібіту функциясын таңдаңыз. Қолдан жібіту және жібіту уақыты туралы қосымша ақпаратты 33-ші беттен қараңыз.

КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ТАҢДАУ

Микротолқын қуатына төзімді ыдыс-аяқтарды қолданыңыз; пластик сауыттарды, ыдыстарды, қағаз кесе, сүлгі т.с.с. пайдаланбаңыз.

Аралас пісіру режимін (гриль және микротолқын) қолданғыңыз келсе, тек микротолқын және пешке төзімді ыдыстарды ғана қолданыңыз. Металл ыдыс-аяқтар немесе керек-жарақтар пешті бүлдіруі мүмкін.




Ыдыс-аяқтар мен керек-жарақтардың жарамдылығы туралы толығырақ ақпаратты, 26-27-ші беттегі "Ыдыстың жарамдылығын анықтау" тарауынан қараңыз.

ГРИЛЬ ЖАСАУ

Гриль тағамды микротолқынды қолданбай тез қыздырып, қызартуға көмектеседі. Сол үшін гриль торы микротолқынды пешпен бірге жеткізіледі.


1. Гриль құрылғысын **Grill (Гриль) (10 min (10 мин), 1 min (1 мин) және 10 s (10 сек))** және **Start (Бастау)** түймешігін басы арқылы қажетті температураға дейін қыздырыңыз.



2. Есікті ашып, тағамды тордың үстіне қойыңыз.



3. Тағамды пештің ішіндегі тордың үстіне қойыңыз. **Grill (Гриль)** түймешігін басыңыз. Пісіру уақытын **10 min (10 мин), 1 min (1 мин)** және **10 s (10 сек)** түймешігін басып таңдаңыз. (Ең көп гриль жасау уақыты 60 минут).



4. **Start (Бастау)** (◇) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: Пештің шамы жанады да, бұрылмалы табақ айнала бастайды.



- 1) Тағам пісе бастайды және пісіп болғаннан кейін пеш төрт рет сигнал береді.
- 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
- 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Гриль жасап тұрғанда қыздырғыш қосылып, сөніп тұрса алаң болмаңыз. Бұл пеш қызып кетуге жол бермеуге арналған жүйе.

Пештің ішіндегі ыдыстар өте ыстық болатындықтан, оларды әрқашан қолғап киіп ұстаңыз.


МИКРОТОЛҚЫН ЖӘНЕ ГРИЛЬ ФУНКЦИЯСЫН БІРГЕ ҚОЛДАНУ

Тағамды бір мезгілде қызартып, жылдам пісіру үшін микротолқын және гриль функцияларын біріктіре қолдануға болады.

ӨРҚАШАН микротолқынға және пешке төзімді ыдыстарды қолданыңыз. Шыны және керамика ыдыстар, микротолқын тағамға біркелкі таралуға көмектесетіндіктен микротолқынды пеш үшін тамаша ыдыс болып табылады.

Пештің ішіндегі ыдыстар өте ыстық болатындықтан, оларды ӨРҚАШАН қолғап киіп ұстаңыз.

1. Басқару панелінің оң жақ бұрышындағы үлкен түймешікті басып, пештің есігін ашыңыз. Тағамды тордың үстіне қойыңыз да, торды бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. Есікті жабыңыз.



2. **Combi (Аралас режим)** түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: Бейнебетте келесі көрсетіледі:

Аралас (микротолқын және гриль режимі)
600 Вт (қуат шығысы)



Тиісті **қуат мәнін Combi (Аралас режим)** түймешігін қажетті қуат мәні көрсетілгенше қайта басып таңдаңыз.

Гриль температурасын орната алмайсыз.

3. Пісіру уақытын **10 min (10 мин), 1 min (1 мин)** және **10 s (10 сек)** түймешігін басып таңдаңыз. (Ең көп пісіру уақыты 60 минут).



4. **Start (Бастау)** (◊) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі: Аралас режиммен пісіру басталады. Бұл цикл аяқталған кезде.

- 1) Пеш төрт рет сигнал береді.
- 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
- 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Микротолқын және гриль аралас режиммен пісіру үшін қажет микротолқын қуатының ең үлкен мәні 600 Вт.



КӨП ЦИКЛДІ ПІСІРУ

Микротолқынды пешіңізді тағамды ең көбі үш цикл арқылы пісіретін етіп бағдарламалауыңызға болады.

Мысалы:

Тағамды жібітіп, әр циклден кейін пеш параметрлерін жаңадан орнатпай пісіре бергіңіз келеді. Осылайша 500 г балықты үш цикл бойынша жібітуге және пісіруге болады:

- Жібіту
- Пісіру I
- Пісіру II

Көп циклді пісіру функциясында, екі және үш циклдің бірін орнатуыңызға болады. Егер үш циклді орнатсаңыз, ең алдыңғы цикл жібіту циклі болуға тиіс. Соңғы циклді орнатпай тұрып (◊) түймешігін баспаңыз.

1. **Rapid (Жылдам)** (☼☼) түймешігін бір немесе бірнеше рет басыңыз.



2. Салмақты **kg** және **g** түймешігін қанша қажет болса, сонша рет басып (мысалы 500 г) орнатыңыз.



3. **Power Level (Қуат мәні)** түймешігін басыңыз. Микротолқын режимі (I) :

Қажет болса, қуат мәнін **Power Level (Қуат мәні)** түймешігін бір немесе бірнеше рет басып орнатыңыз. (мысалы, 600 Вт)



4. Пісіру уақытын **10 min (10 мин), 1 min (1 мин)** және **10 s (10 сек)** түймешіктерін қажетінше басып (мысалы, 4 минут) орнатыңыз.



5. Grill (Гриль) түймешігін басыңыз.

Гриль режимі (II) :



6. Пісіру уақытын **10 min (10 мин), 1 min (1 мин)** және **10 s (10 сек)** түймешіктерін қажетінше басып (мысалы, 5 минут) орнатыңыз. (Ең көп гриль жасау уақыты 60 минут).



7. Start (Бастау) (◊) түймешігін басыңыз.

Нәтижесі:

Үш режим [жібіту және пісіру (I, II)] бірінен кейін бірі таңдалады. Таңдалған жібіту режиміне қарай, тағам жібітудің ортасына келгенде, тағамды аудару қажет екенін ескерту үшін пеш сигнал беруі мүмкін. Пісіріп болғаннан кейін, пештен төрт рет сигнал естіледі.

- Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
- Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.




СИГНАЛ ҚҰРАЛЫН ӨШІРУ

Сигнал беретін құралды кез келген уақытта өшіріп қоюға болады.

1. **Stop (Тоқтату)** (⊖) және **Start (Бастау)** (◊) түймешігін қатар басыңыз.

Нәтижесі: Пеш түймешікті басқан сайын сигнал бермейді.



2. Сигнал беретін құралды қайта қосу үшін **Stop (Тоқтату)** (⊖) және **Start (Бастау)** (◊) түймешіктерін қайта бір уақытта басу керек.

Нәтижесі: Пештің сигнал құралы қайта іске қосылады.




МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІҢ ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРАЛЫ

Микротолқынды пешіңіз, бала немесе пештен хабары жоқ адам оны байқаусызда қосып қоюға жол бермеу үшін пешті "құлыптап" қоятын, бала қауіпсіздігі бағдарламасымен жабдықталған.

Пешті кез келген уақытта құрсаулап қоюға болады.


1. **Stop (Тоқтату)** (⊖) және **Clock (Сағат)** түймешігін қатар басыңыз.

Нәтижесі: Пешке құрсау салынады (ешбір функцияны таңдау мүмкін емес).



2. Пештің құрсауын ашу үшін **Stop (Тоқтату)** (⊖) және **Clock (Сағат)** түймешіктерін қайта бір уақытта басу керек.

Нәтижесі: Пешті әдеттегідей қолдана беруге болады.



ЫДЫСТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Микротолқынды пеште тағам пісіру үшін, микротолқындар ыдысқа шағылыспай немесе ыдысқа сіңбей тағамнан өте алатындай болуға тиіс.

Сондықтан да, ыдыс-аяқты дұрыс таңдау қажет. Микротолқынға төзімді деген белгісі бар ыдысты алаңсыз қолдана беруге болады. Келесі кестеде әр түрлі ыдыс түрлері және оларды микротолқынды пеште қалай қолдануға болатындығы көрсетілген.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
Алюминий фольга	✓ X	Тағамның осал жерлері қатты пісіп кетпес үшін, кішкене қағаздармен жабыңыз. Фольга пештің қабырғасына тым жақын қойылса немесе тым көп фольга қолданылса электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Браунинг табағы	✓	Сегіз минуттан артық қыздырмаңыз.
Фарфор және керамика	✓	Фарфор, керамика, безендірілген керамика мен қатты фарфор ыдыстарды, жиегі металл болмаса әдетте қолдана беруге болады.
Бір рет қолданылатын полиэфир картон ыдыстар	✓	Кейбір мұздатылған тағамдар осындай ыдыстарға оралады.
Фастфуд орамдары <ul style="list-style-type: none"> Полистирол кеселер мен сауыттар 	✓	Тағамды жылыту үшін қолдануға болады. Қатты қыздырса, полистирол еріп кетуі мүмкін.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
<ul style="list-style-type: none"> Қағаз қалта немесе газет 	X	Өртеніп кетуі мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> Өңдеуден өткізілген қағаз немесе ыдыстың металл жиегі 	X	Электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Шыны ыдыс		
<ul style="list-style-type: none"> Пеш-үстел ыдыстары 	✓	Металл жиегі болмаса, қолдана беруге болады.
<ul style="list-style-type: none"> Осал шыны ыдыс 	✓	Тағам немесе сусындарды жылыту үшін қолдануға болады. Осал шыны ыдыс кенет қыздырған кезде сынып немесе жарылып кетуі мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> Шыны банка 	✓	Қақпағын алу керек. Тек тағамды жылытуға жарайды.
Металл		
<ul style="list-style-type: none"> Ыдыстар 	X	Электр жарқылы немесе өрт шығуы мүмкін.
<ul style="list-style-type: none"> Тоңазытқышта тұратын тағам қалтасын қыстырғыш 	X	
Қағаз		
<ul style="list-style-type: none"> Табақ, кесе, майлық және ас үй қағазы 	✓	Тағамды аз уақыт пісіру немесе жылыту үшін. Сонымен қатар, артық ылғалды сіңіру үшін.

Ыдыс-аяқ	Микротолқынға төзімді	Түсіндірме
• Өңделген қағаз	х	Электр жарқылы пайда болуы мүмкін.
Пластик		
• Сауыттар	✓	Қызуда төзімді термопластик болса әсіресе сай келеді. Кейбір пластиктер жоғары температурада майысып, түсі өзгеріп кетуі мүмкін. Меламин пластигін қолданбаңыз.
• Жылтыр қағаз	✓	Ылғалды ұстап тұру үшін қолдануға болады. Тағамға тигізбеу керек. Жылтыр қағазды алғанда абай болыңыз, ыстық бу шарпуы мүмкін.
• Тоңазытқыш қалталар	✓ х	Қайнатуға немесе пешке төзімді болса. Ауа өткізбейтін болмауға тиіс. Қажет болса, шанышқымен тесіңіз.
Балауыз немесе май өткізбейтін қағаз	✓	Тағам шашырамас үшін және ылғалды ұстап тұру мақсатында қолдануға болады.

- ✓ : Ұсынылады
 ✓ х : Сақтықпен пайдаланыңыз
 х : Қауіпсіз емес

ТАҒАМ ПІСІРУГЕ КАТЫСТЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС

МИКРОТОЛҚЫНДАР

Микротолқын қуаты тағамға енеді де, оның құрамындағы су, май және қантқа сіңеді.

Микротолқындар тағамның құрамындағы молекулаларды жылдам қозғалтуға себеп болады. Молекулалардың жылдам қозғалысы үйкеліс тудырады да, пайда болған қызудың көмегімен тағам піседі.

ПІСІРУ

Микротолқынмен пісіруге арналған ыдыс-аяқ:

Ыдыстар микротолқын қуатын барынша өткізетін болуға тиіс. Тот баспайтын темір, алюминий және мыс тәрізді металдар микротолқынды шағылыстырады, бірақ микротолқын керамика, шыны, фарфор және пластик, сонымен қатар қағаз бен ағаштан өте алады. Сондықтан, металл сауыттарда ешқашан тағам пісірмеу керек.

Микротолқынды пеште пісіруге болатын тағам:

Тағамның көптеген түрін, атап айтқанда тоңазытылған көкөніс, жеміс, макарон, күріш, дән, бұршақ, балық, ет тәрізді тағамдардың көпшілігін микротолқынды пеште дайындауға болады. Соус, горчица, сорпа, бу пуддинг, консервленген тағам және көкөніс котлеттерін микротолқынды пеште пісіруге болады. Жалпы айтқанда, кәдімгі пеште пісіретін тағамның бәрін пісіру үшін микротолқын керемет жарайды. Сарымай немесе шоколадты еріту, мысалы (ақыл-кеңес, тәсілдер берілген тарауды қараңыз).

Пісіріліп жатқан тағамның бетін жабу

Тағамды бетін жауып пісірген өте маңызды, себебі буланған су тағамға қосылып оны пісіруге көмектеседі. Тағамды бірнеше әдіспен жабуға болады: мысалы, керамика қақпақпен, пластик қақпақпен немесе микротолқынға төзімді жылтыр қағазбен.

Қоя тұру уақыты

Пісіріп болғаннан кейін, температура тағам бойына біркелкі таралу үшін пеште қоя тұру керек.

Тоңазытылған көкөністер пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қақпағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Бетін жауып, аз уақыт пісіріңіз - кестеге қараңыз. Қалаған нәтижеге жету үшін пісіруді жалғастырыңыз.

Пісіріп жатқан кезде екі рет, пісіріп болғаннан кейін бір рет араластырыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұз, шөп немесе сарымай қосыңыз. Бетін жауып қоя тұрыңыз.

Тағам	Мөлшері	Қуат	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Шпинат	150 г	600 Вт	5½-6½	2-3	15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз.
Брокколи	300 г	600 Вт	10-11	2-3	15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз.
Бұршақ	300 г	600 Вт	8-9	2-3	15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз.
Жасыл бұршақ	300 г	600 Вт	10-11	2-3	15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз.
Аралас көкөністер (сәбіз/бұршақ/ жүгері)	300 г	600 Вт	9-10	2-3	15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз.
Аралас көкөністер (Қытай дәстүрі бойынша)	300 г	600 Вт	8½-9½	2-3	15 мл (1 ас қасық) суық су қосыңыз.

Күріш және макарон пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Күріш: Қақпағы бар үлкен шыны пирекс ыдысын қолданыңыз – пісірген кезде күріштің көлемі екі есеге дейін көбейеді. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін, қоя тұрар алдында араластырыңыз немесе шөп не сарымай қосыңыз. Ескерім: пісіру уақыты өткеннен кейін күріш судың барлығын сіңірмеуі мүмкін.

Макарон: Үлкен шыны пирекс шыныаяғын қолданыңыз. Қайнаған судан құйыңыз, бір шөкім тұз салып, жақсылап араластырыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз. Пісіріп жатқанда, пісіріп болғаннан кейін ара-тұра араластырыңыз. Бетін жауып қоя тұрыңыз, содан кейін суын әбден сорғытыңыз.

Тағам	Мөлшері	Қуат	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Ақ күріш (суға пісірілген)	250 г	750 Вт	17-18	5	500 мл суық су қосыңыз.
Қоңыр күріш (суға пісірілген)	250 г	750 Вт	22-23	5	500 мл суық су қосыңыз.
Қоңыр күріш	250 г	750 Вт	22-23	10	600 мл суық су қосыңыз.
Аралас күріш (күріш + жабайы өскен күріш)	250 г	750 Вт	18-19	5	500 мл суық су қосыңыз.
Аралас жүгері (күріш + дөңді дақыл)	250 г	750 Вт	19-20	5	400 мл суық су қосыңыз.
Макарон	250 г	750 Вт	11-12	5	1000 мл ыстық су қосыңыз.

Жас көкөністер пісіруге қатысты ақыл-кеңес

Қапағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Егер судың мөлшері арнайы көрсетілмесе, әрбір 250 г тағамға 30-45 мл суық су құюды (2-3 ас қасық) ұсынамыз – кестеге қараңыз. Бетін жауып, аз уақыт пісіріңіз - кестеге қараңыз. Қалаған нәтижеге жету үшін пісіруді жалғастырыңыз. Пісіріп жатқанда бір рет, пісіріп болғаннан кейін бір рет араластырыңыз. Пісіріп болғаннан кейін тұз, шөп немесе сарымай қосыңыз. Бетін жауып 3 минут қоя тұрыңыз.

Ақыл-кеңес: Жас көкөністерді біркелкі етіп тураңыз. Неғұрлым кішірек етіп турасаңыз, соғұрлым тезірек піседі.

Жас көкөністердің барлығын толық микротолқын қуатымен (750 Вт) пісіру керек.

Тағам	Мөлшері	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Брокколи	250 г 500 г	5-5½ 8½-9	3	Гүлдерін бірдей-бірдей етіп бөліңіз. Сабақтарын ортаға қаратып салыңыз.
Брюссель орамжапырағы	250 г	6½-7½	3	60-75 мл (5-6 ас қасық) су қосыңыз.
Сәбіз	250 г	5-6	3	Бірдей мөлшерде кесіңіз.
Түрлі-түсті орамжапырақ	250 г 500 г	5½-6 9½-10	3	Гүлдерін бірдей-бірдей етіп бөліңіз. Үлкен гүлдерін екіге бөліңіз. Сабақтарын ортаға қаратып салыңыз.
Көдіш	250 г	4-4½	3	Көдішті жапырақтап тураңыз. 30 мл (2 ас қасық) су құйыңыз немесе бір түйір май салыңыз. Жұмсақ болғанша пісіріңіз.
Баклажан	250 г	4½-5	3	Баклажанды кішкене етіп жапырақтап турап, 1 ас қасық лимон шырынын себіңіз.

Тағам	Мөлшері	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Порей пиязы	250 г	5-5½	3	Порей пиязын қалың етіп жапырақтап тураңыз.
Саңырауқұлақ	125 г 250 г	1½-2 3½-4	3	Бүтін кішкене саңырауқұлақтарды немесе туралған саңырауқұлақтарды алыңыз. Су қоспаңыз. Лимон шырынын себіңіз. Тұз, бұрыш салыңыз. Үстелге суын сорғытқаннан кейін тартыңыз.
Пияз	250 г	5-6	3	Пияздарды тураңыз немесе екіге бөліңіз. Тек 15 мл (1 ас қасық) су қосыңыз.
Бұрыш	250 г	4½-5	3	Бұрышты кішкене бөліңіз.
Картоп	250 г 500 г	5-6 9-10	3	Қабығы аршылған картоптың салмағын өлшеп алып, кішкене екіге немесе төртке бөліңіз.
Кольраби орамжапырағы	250 г	5-5½	3	Кольраби орамжапырағын кішкене текшелерге бөліңіз.

ҚЫЗДЫРУ

Микротолқынды пеш тағамды әдеттегі конвекция пеші немесе электр пештерінде жұмсалатын уақыттың аз мөлшерін ғана пайдаланып тағамды лезде қыздырады.

Төмендегі кестеде көрсетілген қуат мәні мен қыздыру уақыттарын жалпылама нұсқау ретінде қолданыңыз. Кестедегі уақыт сұйық тағам +18-ден +20 °C дейінгі бөлме температурасында, немесе тоңазытылған тағамның температурасы +5 градустан +7 °C градус деген есеппен берілген.

Орналастыру және бетін жабу

Еттің үлкен кесегі тәрізді үлкен тағамдарды қыздырудан сақ болыңыз – олардың ішкі жағы піскенше сырты қатты пісіп, кебірісіп қалуы мүмкін. Тағамды кішкене мөлшерде қыздырсаңыз, нәтижесі соғұрлым жақсырақ болады.

Қуат мәндері және тағамды араластыру

Кейбір тағамды 750 Вт қуатты қолданып, кейбірін 600 Вт, 450 Вт немесе тіпті 300 Вт қуатты қолданып қыздыруға болады. Кестедегі ұсыныстарды қараңыз. Жалпы, тағам баппен пісіруді қажет етсе, үлкен мөлшерде дайындалса немесе тез қызып кететіндей болса (мысалы, фарш қосылған бөліш), бұндай тағамдарды төмен қуатпен қыздырған дұрыс.

Жақсылап араластырыңыз немесе қыздырып жатқан кезде аударыңыз. Мүмкін болса, үстелге қоярдың алдында тағы да араластырыңыз.

Сұйық тағам немесе баланың тағамын қыздырғанда ерекше абай болыңыз. Сұйық тағам кенет тасып төгіліп, адам соған күйіп қалмас үшін, тағамды қыздырардың алдында және қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз. Оларды микротолқынды пештің ішіне, қоя тұру уақыты аяқталғанша қоя тұрыңыз. Пластик қасық немесе шыны қалақты сұйық заттарға салып қоюды ұсынамыз. Тағамды қатты қыздырудан (іске алғысыз болмас үшін) сақ болыңыз.

Пісіру уақытын аз есептеп, қажет болса, қосымша уақыт қосып қоя тұрыңыз.

Қыздыру және қоя тұру уақыттары

Тағамды алғаш рет қыздырғанда, сол уақытты бұдан кейін қажет кезде қарап жүру үшін жазып қойған дұрыс.

Қыздырылған тағамның әрқашан ыстық буы бұрқырап тұрсын. Тағамды қыздырып болғаннан кейін біраз уақыт қоя тұрыңыз – температура тағам бойына біркелкі таралу үшін.

Қыздырып болғаннан кейін, егер кестеде басқаша көрсетілмесе, тағамды 2-4 минут қоя тұруды ұсынамыз.

Сұйық тағам немесе баланың тағамын қыздырғанда ерекше абай болыңыз. Сонымен қатар, сақтық шаралары қамтылған тарауды да қараңыз.

СҰЙЫҚ ТАҒАМДАРДЫ ҚЫЗДЫРУ

Температура тағам бойына біркелкі тарау үшін пешті сөндіргеннен кейін тағамды әрқашан, кем дегенде 20 секунд қоя тұрыңыз. Қажет болса, қыздырып жатқанда және қыздырып болғаннан кейін де ӘРҚАШАН араластырыңыз. Кенет тасыған тағамға күйіп қалмас үшін, қасық немесе шыны қалақты сусынның ішіне салып қою керек, қыздырып жатқанда және оның алдында, қыздырып болғаннан кейін араластырыңыз.

БАЛАНЫҢ ТАҒАМЫН ҚЫЗДЫРУ

БАЛАНЫҢ ТАҒАМЫ: Шұңғыл керамика табаққа салыңыз.

Пластик қақпақпен жабыңыз. Қыздырып болғаннан кейін жақсылап араластырыңыз! Берердің алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз. Қайта араластырыңыз, температурасын тексеріңіз. Мына температурадағы сүтті беруге болады: 30-40 °C аралығындағы.

БАЛАҒА БЕРІЛЕТІН СҮТ: Сүтті зарарсыздандырылған шыны бөтелкеге құйыңыз. Бетін жаппай қыздырыңыз. Баланың шөлмегін ешқашан еміздігін алмай қыздырмаңыз, себебі қатты қызған шөлмек жарылып кетуі мүмкін. Шайқаңыз да, қоя тұрыңыз, берердің алдында қайта шайқаңыз! Балаға берілетін сүт немесе тағамның температурасын әрқашан тексеріп барып беріңіз. Мына температурадағы сүтті беруге болады: қ/а. 37 °C.

ЕСКЕРІМ:

Әсіресе баланың тағамын, бала күйіп қалмас үшін мұқият тексеру керек. Төмендегі кестеде көрсетілген қуат мәндері мен уақыттарды тағам қыздыру үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Сұйықтарды және тағамдарды қыздыру

Осы кестедегі қуат мәндері мен уақыттарды қыздыру үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Тағам	Мөлшері	Қуат	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Сусын (кофе, сүт, шай, су бөлме температурасында)	150 мл (1 кесе) 250 мл (1 кружка) 500 мл (2 кружка)	750 Вт	1½-2 2-2½ 4-4½	1-2	Керамика кесеге құйып, бетін жаппай қыздырыңыз. 150 мл кесе немесе 250 мл кружканы бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз, қоя тұру алдында және қойып болғаннан кейін жақсылап араластырыңыз.
Сорпа (салқын-датылған)	250 г 450 г	750 Вт	3-3½ 4-4½	2-3	Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Қыздырып болғаннан кейін жақсылап араластырыңыз. Үстелге тартардың алдында тағы да араластырыңыз.

Тағам	Мөлшері	Қуат	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Бұқтырылған тағам (салқын-датылған)	350 г	600 Вт	5-6	2-3	Бұқтырылған тағамды шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Ар-тұра араластыра отырып қыздырыңыз, қоя тұру, үстелге тартудың алдында қайта араластырыңыз.
Соус қосылған макарон (салқын-датылған)	350 г	600 Вт	4-5	3	Макаронды (мысалы, спагетти немесе вермишель) жалпақ керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз. Үстелге тартардың алдында араластырыңыз.

Тағам	Мөлшері	Қуат	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Соус қосылған, толтырмасы бар макарон (салқын-датылған)	350 г	600 Вт	4½-5½	3	Толтырмасы бар макаронды (мысалы, равиоли, тортеллини) шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз. Аратура араластыра отырып қыздырыңыз, қоя тұру, үстелге тартудың алдында қайта араластырыңыз.
Табаққа салынған тағам (салқын-датылған)	300 г 400 г	600 Вт	5-6 6-7	3	2-3 тоңазытылған тағам қосымшаларынан тұратын тағамды керамика табаққа салыңыз. Микротолқын таспасымен жабыңыз.
Дайын, мұздатылған тағамдар	300 г 400 г	600 Вт	11½-12½ 13-14	4	Дайын тағам салынған микротолқынға төзімді ыдысты (-18 °С) бұрылмалы табаққа салыңыз. Таспаны тесіңіз немесе бетін микротолқын таспасымен жабыңыз. Қыздырып болғаннан кейін 4 минут қоя тұрыңыз.

Баланың тағамы мен сүтін қыздыру

Осы кестедегі қуат мәндері мен уақыттарды тағам қыздыру үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Тағам	Мөлшері	Қуат	Уақыт	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Баланың тағамы (Көкөніс + ет)	190 г	600 Вт	30 сек	2-3	Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз. Берердің алдында жақсылап араластырып, температурасын мұқият тексеріңіз.
Балаға арналған ботқа (дән + сүт + жеміс)	190 г	600 Вт	20 сек	2-3	Шұңғыл керамика табаққа салыңыз. Бетін жауып пісіріңіз. Пісіріп болғаннан кейін араластырыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз. Берердің алдында жақсылап араластырып, температурасын мұқият тексеріңіз.
Балаға берілетін сүт	100 мл 200 мл	300 Вт	30-40 сек 1 мин бастап 1 мин 10 сек дейін	2-3	Жақсылап араластырып немесе шайқап, зарарсыздандырылған бөтелкеге құйыңыз. Бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз. Жақсылап шайқап, кем дегенде 3 минут қоя тұрыңыз. Берердің алдында жақсылап араластырып, температурасын мұқият тексеріңіз.

ЖІБІТУ

Микротолқындар мұздатылған тағамды жібітуге тамаша жарайды. Микротолқындар мұздатылған тағамдарды аз уақыт ішінде баппен жібітеді. Бұл күтпеген жерде қонақ келе қалған жағдайда, сізге үлкен көмек.

Мұздатылған құс етін әбден жібітіп барып пісіру қажет. Металл сымдары болса алып, орамынан шығарып, аққан сұйықты сорғытыңыз.

Мұздатылған тағамды ыдысқа салыңыз, қақпақ жаппаңыз. Жібітудің орта шегіне келгенде аударыңыз, сұйығы болса дереу ағызыңыз.

Тағамды жиі-жиі тексеріп, жылып кетпегеніне көз жеткізіңіз.

Мұздаған тағамның кішкене және жұқа бөліктері қыза бастаса, оларды кішкене алюминий фольгадан жасалған таспамен орап қоюға болады.

Құс етінің сыртқы жағы қыза бастаса, жібітуді тоқтатыңыз да, 20 минут күте тұрып, содан кейін жалғастырыңыз.

Балық, ет және құс етін әбден жібіту үшін қоя тұрыңыз. Тағамды әбден жібітуге қажетті уақыт, жібітілетін тағамның мөлшеріне қарай әртүрлі болады. Төмендегі кестеге қараңыз.

Ақыл-көнес: Жалпақ тағам қалың тағамға қарағанда, кішкене тағам, үлкен тағамдарға қарағанда тез жібиді. Тағамды мұздату мен жібіту кезінде осы кеңесті есте ұстаңыз.

Температурасы шамамен -18-ден -20 °С дейінгі мұздатылған тағамдарды жібіту үшін төмендегі кестеге сүйеніңіз.

Мұздаған тағамдардың барлығын жібіту параметрі (180 Вт) бойынша жібіту керек.

Тағам	Мөлшері	Уақыт (мин)	Қоя тұру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Ет Фаршталған сиыр еті Шошқа стейгі	500 г 250 г	10-12 7-8	5-20	Етті жалпақ керамика табаға қойыңыз. Жұқа жерлерін алюминий фольгамен жабыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз!
Құс еті Тауықтың кесек еттері Бүтін тауық	500 г (2 дана) 1000 г	12-14 25-28	15-40	Алдымен, тауық еттерінің терісі бар жақтарын төмен қаратып салыңыз, бүтін тауықтың төсін керамика табаға қаратып салыңыз. Қанаттарының ұштары тәрізді жұқа жерлерін алюминий фольгамен жабыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз!
Балық Балық филесі	250 г (2 дана) 400 г (4 дана)	6-7 11-13	5-20	Мұздатылған балықты керамика табақтың ортасына салыңыз. Жұқа жерлерін қалың жерлерінің астына салыңыз. Жұқа жерлерін алюминий фольгамен жабыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз!
Жеміс Жидек	250 г	6-7	5-10	Жемістерді жалпақ, дөңгелек шыны ыдысқа (диаметрі үлкен) салыңыз.
Нан Булочка (әрбірі 50 г) 4 дана Тост наны/ Сэндвич Неміс наны (бидай + қарабидай ұны)	250 г 500 г	1½-2 3-4 4-5 8-10	5-10	Булочкаларды дөңгелетіп немесе нанды көлденеңінен, бұрылмалы табақтың ортасына қойылған ас үй қағазына салыңыз. Жібітудің орта тұсына келгенде аударыңыз!



ГРИЛЬ

Гриль-қыздырғыш элементтері пеш төбесінің астыңғы жағында орналасқан. Олар есік жабық, бұрылмалы табақ айналып тұрған кезде жұмыс істейді. Бұрылмалы табақ айналғанда тағам барынша біркелкі қызарады. Гриль элементін 2-3 минут алдын ала қыздырса, тағам барынша тез қызарады.

Гриль жасау үшін қолданылатын ыдыс:

Жалынға төзімді және металл бөлігі бар болуға болады. Ешбір пластик ыдысты қолданбаңыз, себебі еріп кетеді.

Гриль жасауға болатын тағам:

Туралған ет, шұжық, стейк, гамбургер, бекон және жұқа туралған сан ет, жұқалап туралған балық еті, сэндвич және үстінде әртүрлі қоспалары бар тост нандары.

Маңызды ескерім:

Тек ғана гриль режимін қолданған кезде, гриль-қыздырғыш элементінің пештің артқы қабырғасында тігінен емес, төбесінде көлденең орналасқанына көз жеткізіңіз. Басқаша көрсетілмесе, тағамды үстіңгі торға қою қажет екенін есте ұстаңыз.

МИКРОТОЛҚЫН + ГРИЛЬ

Бұл пісіру режимінде гриль элементінен, микротолқынмен пісіру жылдамдығымен қатар қызу бөлінеді. Ол тек есік жабық, бұрылмалы табақ айналып тұрған кезде ғана жұмыс істейді. Бұрылмалы табақ айналып тұратындықтан тағам біркелкі қызарады. Осы үлгіде үш түрлі аралас режим бар: 600 Вт + Гриль, 450 Вт + Гриль және 300 Вт + Гриль.

Микротолқын + гриль функциясымен пісіруге арналған ыдыстар
Микротолқын өте алатын ыдыстарды қолданыңыз. Ыдыс жалын әсеріне төзімді болуға тиіс. Аралас режиммен пісірген кезде металл ыдысты қолданбаңыз. Ешбір пластик ыдысты қолданбаңыз, себебі еріп кетеді.

Микротолқын + гриль функциясымен пісіруге болатын тағам:
Аралас режиммен пісіруге болатын тағамның қатарына, пісірілген, тек қыздыру немесе қызартуды (пісірілген макарон) ғана қажет ететін, сондай-ақ үстіңгі жағын аз уақытта қызарту қажет тағамдар жатады. Сонымен қатар, бұл режимді үстіндегі қоспаларын қызарту, қытырлақ етіп пісіруді қажет ететін, қалың етіп дайындалған тағам үшін қолдануға болады (мысалы, бөлшектелген тауық еті, пісірудің орта шегіне келгенде аудару керек). Қосымша ақпаратты гриль дайындау кестесінен алыңыз.

Маңызды ескерім:

Аралас режим (микротолқын + гриль) қолданылған кезде, гриль-қыздырғыш элементінің пештің артқы қабырғасында тігінен емес, төбесінде көлденең орналасқанына көз жеткізіңіз. Басқаша көрсетілмесе, тағамды үстіңгі торға қою қажет. Немесе бұрылмалы табақтың үстіне тура қою керек. Келесі кестедегі нұсқауларды қараңыз.
Тағамның екі жағын да қызарту қажет болса, онда оны аудару керек.



Гриль нұсқаулығы

Қыздырғыш элементті тағамнан гриль жасар алдында гриль функциясымен 2-3 минут қыздырыңыз.

Осы кестедегі қуат мәндері мен уақыттарды гриль жасау үшін нұсқау ретінде қолданыңыз.

Жаңа тағам	Мөлшері	Пісіру режимі	1-ші жағын пісіру уақыты (мин)	2-ші жағын пісіру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Тост наны тіліктері	4 дана (4 x 25 г)	Тек гриль	4-6	3-4	Тост наны тілімдерін тордың үстіне қатарластыра қойыңыз.
Булочкалар (пісірілген)	2-4 дана	Тек гриль	2-3	1-2	Алдымен булочкалардың астыңғы жағын жоғары қаратып, бұрылмалы табақтың үстіне айналдыра қойыңыз.
Гриль қызанақтары	250 г (2 дана)	300 Вт + Гриль	4½-5½	-	Қызанақтарды екіге бөліңіз. Үстіне тұз, бұрыш және аздаған ірімшік себіңіз. Жалпақ, шыны пирекс табағының үстіне айналдыра қойыңыз. Тағамды тордың үстіне қойыңыз.

Жаңа тағам	Мөлшері	Пісіру режимі	1-ші жағын пісіру уақыты (мин)	2-ші жағын пісіру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Гавай тост наны	2 дана (300 г)	300 Вт + Гриль	5-7	-	Алдымен нан тілімдерін қыздырып, тост жасаңыз. Толтырмасы (ветчина, ананас, ірімшік тіліктерін) бар тост нандарының тілімдерін тордың үстіне қатарластыра қойыңыз. Пісіріп болғаннан кейін 2-3 минут қоя тұрыңыз.
Тауықтың қанаттары (тоңазытылған)	400-500 г (6 дана)	300 Вт + Гриль	11-13	9-11	Тауықтың қанаттары немесе сирақтары тәрізді тоңазытылған бөліктеріне дәмдеуіш, май қосыңыз. Олардың сүйекті жерлерін ортасына қарай, қалғандарын жағалата қойыңыз. Гриль жасап болғаннан кейін 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Жаңа тағам	Мөлшері	Пісіру режимі	1-ші жағын пісіру уақыты (мин)	2-ші жағын пісіру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Бүтін тауық	1200 г	450 Вт + Гриль	20-25	15-20	Тауық етіне май жағып, дәмдеуіштерден салып, пирекс ыдысына кеудесін төмен қаратып салыңыз. Ыдысты бұрылмалы табақтың үстіне қойыңыз. Бірінші уақыт өткеннен кейін аударыңыз. Пісіріп болғаннан кейін 5 минут қоя тұрыңыз.
Картоп пісірмесі	500 г	450 Вт + Гриль	8-10	-	Картоптарды екі бөлікке бөліп, тордың үстіне дөңгелете, кесілген жақтарын грильге қаратып қойыңыз. Кесілген жағына зәйтүн майын жағып, дәмдеуіштерден себіңіз. Гриль жасап болғаннан кейін 3 минут қоя тұрыңыз.
Мұздатылған макарон	400 г	600 Вт + Гриль	13-15	3-4	Мұздатылған макаронды (-18 °С) мысалы, лазанья немесе тортеллиниді торға қойылған, өлшемі сай келетін шыны пирекс ыдысына салыңыз.

Жаңа тағам	Мөлшері	Пісіру режимі	1-ші жағын пісіру уақыты (мин)	2-ші жағын пісіру уақыты (мин)	Нұсқаулар
Мұздатылған балық гратині	400 г	450 Вт + Гриль	20-22	3-4	Мұздатылған балық гратинін (-18 °С) торға қойылған, өлшемі сай келетін шыны пирекс ыдысына салыңыз.
Мұздатылған пицца тісбасары	250 г (8 дана)	300 Вт + Гриль	10-12	-	Мұздатылған пицца тісбасарын (-18 °С) немесе кішкене киш лоренді торды айналдыра қойыңыз.
Мұздатылған штрудель торты	200-250 г (1-2 дана)	300 Вт + Гриль	3-5	-	Мұздатылған торт тілімдерін (-18 °С) тордың үстіне қатарластыра қойыңыз. Жібітіп болғаннан кейін 5 минут қоя тұрыңыз.

АРНАЙЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС

САРЫМАЙДЫ ЕРІТУ

50 г майды кішкене, шұңғыл шыны ыдысқа салыңыз. Пластик қақпақпен жабыңыз.

750 Вт қуатпен 30-40 секунд ерігенше қыздырыңыз.

ШОКОЛАДТЫ ЕРІТУ

100 г шоколадты кішкене, шұңғыл шыны ыдысқа салыңыз.

450 Вт қуатпен 3-5 минут ерігенше қыздырыңыз.

Ерітіп жатқанда бір немесе екі рет араластырыңыз. Пештен зат аларда пеш қолғабын киіңіз!

ТҮЙІРШІКТЕЛІП ҚАТҚАН БАЛДЫ ЕРІТУ

20 г қатқан балды кішкене, шұңғыл шыны ыдысқа салыңыз.

300 Вт қуатпен 20-30 секунд бал ерігенше қыздырыңыз.

ЖЕЛАТИНДІ ЕРІТУ

Құрғақ желатин тақталарын (10 г) суық суға 5 минут салып қойыңыз.

Суы сорғыған желатинді кішкене, шыны пирекс ыдысына салыңыз.

300 Вт қуат бойынша 1 минут қыздырыңыз.

Ерітіп болғаннан кейін араластырыңыз.

БЕЗЕНДІРГІШ/ӘРЛЕГІШ ҚОСПА ДАЯРЛАУ (ТОРТ ЖӘНЕ КОНДИТЕР ӨНІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН)

Жылдам безендіргіш қоспаларға (шамамен 14 г) 40 г қант және 250 мл суық су араластырыңыз.

Бетін жаппай пирекс шыны ыдысына салып, 3½ - 4½ минут 750 Вт қуатпен, безендіргіш қоспа мөлдір болғанша пісіріңіз. Пісіріп жатқанда екі рет араластырыңыз.

ТОСАП ҚАЙНАТУ

600 г жемісті (мысалы, аралас жидек) өлшемі сай келетін, қақпағы бар пирекс ыдысына салыңыз. 300 г қант салып, жақсылап араластырыңыз.

Бетін жауып 10-12 минут 750 Вт қуатпен пісіріңіз.

Қайнатып жатқанда бірнеше рет араластырыңыз. Бұрама қақпағы бар тосап банкасына тура құйыңыз. Қақпағын 5 минут жауып қоя тұрыңыз.

ПУДДИНГ ҚАЙНАТУ

Пуддинг ұнтағына, өндіруші нұсқауларына сай қант пен сүт қосып (500 ml), жақсылап араластырыңыз. Қақпағы бар, жарамды шыны пирекс ыдысын қолданыңыз. Бетін жауып 6½ - 7½ минут 750 Вт қуатпен пісіріңіз.

Қайнатып жатқанда бірнеше рет жақсылап араластырыңыз.

БАДАМ ЖАҢҒАҒЫ ҮЛПЕКТЕРІН ҚЫЗАРТУ

30 г жапырақталып туралған бадам жаңғағын, орташа үлкендіктегі керамикта табаға біркелкі таратып салыңыз.

3½ - 4½ минут 600 Вт қуат бойынша қызартып жатқанда бірнеше рет араластырыңыз.

Пеш ішіне 2-3 минут қоя тұрыңыз. Пештен зат аларда пеш қолғабын киіңіз!

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ ТАЗАЛАУ

Микротолқынды пештің келесі бөлшектерін май және тағам қалдықтары жиналып қалмас үшін мерзімді түрде тазалап отыру керек:

- Ішкі және сыртқы беттері
- Есігі және тығыздағыштары
- Бұрылмалы табақ пен айналмалы шығырық

☑ **Есік тығыздағыштарының таза екенін, әрі есіктің дұрыс жабылатын-жабылмайтынын ӘРҚАШАН** тексеріп отырыңыз.

☑ Пешті таза ұстамасаңыз, оның бетінің сапасы кетіп, құрылғы жұмысына теріс әсер етіп, нәтижесінде қатерлі жағдайлар орын алуы мүмкін.

1. Сыртқы беттерін жұмсақ шүберекпен, жылы әрі сабынды сумен жуыңыз. Шайыңыз да, құрғатыңыз.
2. Құрылғының ішкі беттеріндегі немесе айналмалы шығырығындағы шашырандыларды не дақтарды сабын сіңірілген шүберекпен тазалаңыз. Шайыңыз да, құрғатыңыз.
3. Қатып қалған тағам қалдықтарын жұмсарту және жағымсыз иісті кетіру үшін, бір кесе сұйылтылған лимон шырынын бұрылмалы табаққа қойыңыз да, қуатты ең үлкен мәнге қойып он минут қыздырыңыз.
4. Ыдыс жуғыш машинада жууға болатын табақты қажет кезде жуыңыз.

☑ **Саңылауларға су ШАШЫРАТПАҢЫЗ.** Жеміргіш заттар немесе химиялық еріткіштерді ЕШҚАШАН қолданбаңыз. Есіктің тығыздағыштарын тазалағанда келесіні ескеріңіз:

- Ешбір қоқыс жиналып қалмасын
- Қоқыс есіктің жабылауына кедергі жасамасын

☑ **Микротолқынды пештің ішін жұмсақ жуғыш затпен әр қолданып болған сайын тазалаңыз,** бірақ жарақаттанып қалмас үшін микротолқынды пешті тазалардың алдында әрқашан салқындатыңыз.

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Микротолқынды пешті сақтау және жөндеу кезінде, бірнеше қарапайым сақтық шараларын орындау керек.

Есігі немесе есігінің тығыздағыштары бүлінген пешті іске қоспау керек:

- Топсалары сынған
- Тығыздағыштары бүлінген
- Пештің корпусы бұзылып немесе майысып қалған

Оны тек білікті, микротолқынды пешті жөндейтін маман ғана жөндеуге тиіс.

☑ **Пештің сыртқы корпусын ЕШҚАШАН** алмаңыз. Егер пеш бүлініп, оны жөндеу қажет болса немесе оның қандай жағдайда екендігі сізді толғандырып жүрсе:

- Оны розеткадан ағытыңыз
- Ең жақын сатып алушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз

☑ Пешті уақытша сақтап қоя тұрғыңыз келсе, құрғақ, шаң баспайтын жерді таңдаңыз.

Себебі: Шаң және ылғал пештің жұмыс жасайтын бөлшектеріне зиян келтіруі мүмкін.

☑ Бұл микротолқынды пеш коммерциялық мақсатта қолдануға арналмаған.

ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІ

SAMSUNG компаниясы әрқашан өз өнімдерін үздіксіз жақсартып отыруды көздейді. Сондықтан да, дизайн спецификациялары мен пайдаланушы нұсқаулықтары еш ескертусіз өзгертіледі.


Үлгі	GW732KU
Қуат көзі	230 В ~ 50 Гц
Тұтынылатын қуат Микротолқын Гриль Аралас режим	1100 Вт 950 Вт 2050 Вт
Қуат шығысы	100 Вт/750 Вт (IEC-705)
Жұмыс жиілігі	2450 МГц
Магнетрон	OM75S(31)
Салқындату тәсілі	Желдеткіштің моторы
Өлшемдері (Е x Б x Т) Сырты Пештің іші	489 x 275 x 338 мм 330 x 199 x 309 мм
Сыйымдылығы	20 литр
Салмағы Нетто	шамамен 11.5 кг

Қалыпты жағдайда
қолдануға арналған
Қолдану мерзімі: 7 жыл

ЕСКЕРІМ



AB57



166



KZ.O.02.0072

- Сертификат : POCC KR.AB57.B04524
- Жарамдылық мерзімі : с16.07.2009 по 15.07.2012

Малайзияда жасалған

Тауар сертификатталған: Альттест

Мекен жайы:

Samsung Electronics (M) Sdn. Bhd.

**2ші қабат, Лабух 2, Солтүстік Кланг аймағы 21,
индустриалдық паркы 42000, Малазия**

Сұрақтар немесе ұсыныстар пайда болған жағдайда төмендегі телефондаға хабарласыңыз

Мемлекет	Телефон	Желідегі мекені
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com
GEORGIA	8-800-555-555	
ARMENIA	0-800-05-555	
AZERBAIJAN	088-55-55-555	
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	
UZBEKISTAN	8-10-800-500-55-500	
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500	
TADJIKISTAN	8-10-800-500-55-500	
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.ua www.samsung.com/ua_ru
BELARUS	810-800-500-55-500	-
MOLDOVA	00-800-500-55-500	-

Код №: DE68-03917B